


2

«ТҰМАР» шағын
өнеркәсіп аймағы
ашылды

6

«Қазақ» атауы:
мәні мен мазмұны

Сыр бойы

№158-159 (21034-21035)

18 қазан, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҚҰТҚАРУШЫЛАР МІНДЕТІН МІНСІЗ АТҚАРЫП КЕЛЕДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құтқарушыларды кәсіби мерекесімен құттықтады. Бейбіт күннің батырларына шынайы ризашылығын білдіріп, азаматтық қорғау саласының еліміз үшін стратегиялық маңызы ерекше екенін атап өтті.

— Конституциямыздың алғашқы бабында «Адам және адамның өмірі — мемлекеттің ең қымбат қазынасы» екені анық көрсетілген. Азаматтық қорғау саласының әр қызметкері ел қауіпсіздігі және азаматтарымыздың амандығы үшін қажырлы еңбек етуде. Шын мәнінде, құтқарушы болу — кез келген төтенше жағдайға дайын тұру, ешқандай қауіп-қатер-

ге қарамастан адам өміріне араша түсу деген сөз. Бұл — әрине, өте абыройлы іс, жауапты қызмет. Халқымыз өздеріңіз сияқты батыл, ержүрек және ең бастысы, нағыз отаншыл азаматтарды әрдайым мақтан тұтады. Сіздердің адал қызметтеріңіз — өскелең ұрпақ үшін өте жақсы үлгі-өнеге, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-бет

/// КОНФЕРЕНЦИЯ

ҰЛТ РУХАНИЯТЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Облыс әкімдігінде «Қызылорданың астаналық кезеңі: тарих пен тағылым» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Қайрат Тастекеев, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, Қазақстанның Еңбек Ері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик, Ұлттық құрылтай мүшесі Асқар Жұмаділдаев, өнертанушы, Қазақстан Суретшілер, Кинематографистер одағының мүшесі Сәуле Қожықова, мемлекет және қоғам қайраткері Болатбек Қуандықов, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, академик Берекет Қарібаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-драматург Сұлтанәлі Балғабаев, саяси ғылымдар докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір, Анкара Хаджи Байрам Вели университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Хулия Касапоглу Ченгел, аталған университет докторанты Фулия Акман, жазушы, публицист, ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты Бейбіт Қойшыбаев, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Қайырбек Кеменгер, Абай облысынан келген делегация және аймақтың зиялы қауым өкілдері, қала, аудан әкімдері, облыстық басқарма басшылары, саяси партия төрағалары мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессорлары қатысты.



Конференцияның ашылуында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласының ел астанасы болғанына, «Қазақ» атауының қайтарылғанына 100 жыл толу мерейтойымен, алдағы Республика күнімен құттықтады.

— Қазақ тарихына алтын әріптермен жазылған айтулы мерекеге шақыртуымызды қабыл алып келген құрметті қонақтарымызға барша Сыр жұртышылығының атынан шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін!

4-бет

/// АЛТЫН КҮЗ – 2025

ШАРУАНЫҢ МЕРЕЙІ ТАСЫҒАН ШАҚ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Өнер орталығында» «Алтын күз-2025» салтанатты шарасы өтті. Оған Абай облысының әкімі Берік Уәли, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстанның Еңбек Ерлері, ғалымдар, өнер майталмандары, республиканың барлық өңірінен келген облыстық мәслихат төрағалары арнайы қатысты.

Аймақ басшысы ауыл шаруашылығында атқарылған жұмыстарға, агро-салааның алдағы бағыт-бағдарына тоқталып, қамбаны толтырып, береке мен бірліктің үлгісін көрсеткен диқандарды құттықтады.

3-бет



/// САПАР

ЕКІ ӨҢІРДІҢ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҒЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өліне жұмыс сапарымен келген Абай облысының әкімі Берік Уәли бастаған делегацияға облыс орталығындағы жаңа нысандарды таныстырды. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары қатысты.

Алдымен қонақтар «Сыр жұлдызы» шығармашылық-инновациялық академиясына барды. Балалар мен жасөспірімдерге арналған орталық биыл мамыр айында пайдалануға берілді. Академия бір мезетте 500 оқушы, тәулігіне 3 мың оқушыға дейін қабылдайды. Мұнда бассейн, топтық жаттығу бөлмесі, көркем гимнастика және фитнес залы орналасқан. Сондай-ақ үстел ойындарына арналған кабинет, жекпе-жек, үстел теннисі залдары бар. Барлық залда ұлдар мен қыздарға арналған жеке-жеке киім ауыстыру бөлмелері қарастырылған. Көркем-эстетикалық бағытта кескіндеме, сурет салу, резин-арт бөлмесі, балалар шығармашылығы шеберханасы, сәндік-колданбалы өнер, FabLab, дыбыс жазу студиясы, робототехника және жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, КИП және автоматтандыру, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді.

8-бет



/// ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

САҒЫНЫШ ҒҰМЫР – СЫРЛЫ ӘУЕН



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын, әнші, композитор Елена Әбдіхалықовамен кездесті. Еліміздің, Сыр өңірінің мәдени-рухани дамуына қосқан үлесі үшін Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстап, сый-құрмет көрсетті.

— Бүгінгі шығармашылық кешіңіз ұлтымыздың «Қазақ» атауының қайтарылғанына, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл толған мерейтойға, Қызылордамыздың төл мерекесі — Қала күніне үлкен тарту. Сіз әрдайым туған топырақты, халқымыздың өр рухын жырға қосып, мәдениетіміз бен руханиятымызды өскелең ұрпаққа кеңінен дәріптеп келесіз.

«Сыр елі — жыр елі» атанған өңірімізде өнерпаздарға қолайлы орта қалыптастыруға, өнерлі, дарынды жастарымыздың шығармашылығын шыңдауға бағытталған маңызды жобалар қолға алынған. Өнер адамдарын, мәдениет майталмандарын қолдауға әрқашан дайынбыз. Төл өнеріміздің туын биікте ұстап, көрерменнің зор құрметіне бөлене берейсіз! Сізге мықты денсаулық, шығармашылығыңызға табыс тілеймін, — деді облыс әкімі.

8-бет

Валюта бағамы:

\$ 536,32 kzt

€ 626,9 kzt

₸ 6,6 kzt

Ауа райы: Сенбі

☀️ +13°

🌙 +1°

Жексенбі

☀️ +13°

🌙 +2°

ШАРУАНЫҢ МЕРЕЙІ ТАСЫҒАН ШАҚ



– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялап, «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деген болатын.

«Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатын ұрпақ санасына сіңіру, насихаттау, қарапайым еңбек адамдарын дәріптеу – біздің басты мақсатымыздың бірі. Сыр елінің даңқын асқақтатқан дала академигі Ыбырай Жақаев бастаған 102 Социалистік Еңбек Ерінің және тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның Еңбек Ерлерінің жетістіктері аңызға айналды. Саналы ғұмырында туған жеріміз үшін аянбай еңбек

1-бет

еткен ардақты ардагер ағаларымыз бүгін ортамызда. Облысымыздың дамуына қосқан орасан зор үлестеріңіз үшін Сіздерге барша Сыр жұртшылығының атынан шынайы алғысымды білдіремін. Ел үшін жасаған ерен еңбектеріңіздің жемісін, бейнеттеріңіздің зейнетін көріңіздер! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Абай облысының әкімі Берік Уәли Сыр елінің еңбеккор жұртына ризашылығын білдіріп, екі өңір арасындағы байланыстың одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді.

– Қазақ халқы тағдырының тайғақ кешулі кезеңдерінде жағасына келіп тыныс тапқан, суына бетін жуып, үмітін ертеңге жалғаған қасиетті Сырдарияның бойында, ежелгі Ақмешіт, бүгінгі Қызылорда төрінде өздеріңізбен жүздесіп отырғаным бек қуаныштымын!

Біз бүгін аймақтарыңызға үлкен делегациямен өнер жұлдыздарын, зиялы қауым өкілдерін және жақында ғана республикалық байқауда бас жүлде алған театрымыздың арнайы қойылымымен келіп отырмыз. Бұл өңіраралық рухани-мәдени байланыстарды нығайтып, бізді бауырластыра түседі деп сенеміз, – деді Берік Уәлиұлы.

Мерекелік шарада Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан аза-



маттар марапатталды. «Жан Арай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Бақдәулет Махашовқа «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағы берілді. Ол басқаратын серіктестік тәулігіне

80 тонна құрама жем өндіру, күріш өңдеу зауыттарын іске қосқан, өнімдерін экспортқа шығарады. Өткен жылы 4 мың тонналық көкөніс сақтау қоймасын ашып, 100-ден астам адамды тұрақты жұмыспен қамтыды.

Еңбек адамдары мен сала үздіктеріне «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін», Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медальдары, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі,

Қызылорда облысының Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің Алғыс хаттары берілді.

Салтанатты шарада ауыл шаруашылығы саласында үздік жетістіктерге жеткен озат аудандар анықталып, «Балық шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» номинациясымен Арал ауданы, «Су үнемдеу технологиясын қолдану бойынша озат аудан» номинациясымен Жаңақорған ауданы, «Ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тарту бойынша озат аудан» номинациясымен Жалағаш ауданы, «Мал шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» номинациясымен Қармақшы ауданы, «Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласы бойынша озат аудан» номинациясымен Қазалы ауданы, «Егін шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» номинациясымен Сырдария ауданы марапатталды.

Ал «Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда быылғы жылы ең жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген үздік аудан» номинациясын Шиелі ауданы жеңіп алды.

Жылдағы дәстүр бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген «Абзал және К» ТС, «Мағжан және К», «Абай-Дәулет» ЖШС еңбек озаттарына автокөлік кілті сыйға берілді.

«СБ» ақпарат



Суреттер: түсірген Бағдат Есжанов

МЕРЕКЕЛІК МАРАПАТ

«Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағы

Махашов Бақдәулет Еркінбекұлы – «Жан Арай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

«Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалі

Шәменов Өмірбек Мәріпұлы – еңбек ардагері. Жалағаш ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері.

Нұртазаев Бақыт Әбдіғанаұлы – еңбек ардагері. Жаңақорған ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігінің «Еңбек ардагері» медалі

Есімов Амангелді Жақсатұлы – «Әулие төбе» шаруа қожалығының төрағасы.

Жүсіпов Бекбайдар Жүсіпұлы – Ауыл шаруашылығы саласының ардагері.

Сейітов Есдәулет Мирзалаулетұлы – ауыл шаруашылығы саласының ардагері.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі

Мынбаев Жаксы Сағынұлы – «Құланды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің механигі.

Жұмағали Сақымжан Бақжанұлы – «Мерей» шаруа қожалығының төрағасы.

Аманов Дәбіыбек Сейтжанұлы – «III Интернационал Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сушысы.

Бастыбаев Мирамбек Илиясбекұлы – «Ораз ахун ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің есепшісі.

Демесінов Қанат Әубәкірұлы – «Сәрке батыр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің агрономы.

Байниязов Нұрпейіс Шәденұлы – «Құрманбай ата» шаруа қожалығының күрішшісі.

Сәрсеналиев Ғалымжан Рүстембекұлы – «Мәди қажы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің агрономы.

Абдрахимова Раушан Шахенқызы – Шиелі ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің бас маманы.

Төлегенов Бақытжан Берістемұлы – «Өзгент С» шаруа қожалығының төрағасы.

Қызылорда облысының Құрмет грамотасы

Ербай Бектас Бәйліраманұлы – «Төңкеріс К» шаруа қожалығының күрішшісі.

Оспан Сабырбек Сәдуақасұлы – «Шаған жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің агрономы.

Беков Сандыбай Байтұрғанұлы – «Ақжар» шаруа қожалығының агрономы.

Қызылорда облысы әкімінің Алғыс хаты

Айтжанов Жасарал Маханбетұлы – «Әбдеш» шаруа қожалығының жұмысшысы.

Жақсылыков Ерлан Алтайұлы – «Нұрдаулет» жеке кәсіпкер.

Бисенбаев Мырзабек Төренұлы – «Бесарық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің механизаторы.

Егізбаев Ахметжан Керімханұлы – Ғылыми өндірістік «Агротехнология» шаруа қожалығының төрағасы.

Ұзақбаев Әбдірген Ұзақбайұлы – «Агро-Өркен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің күрішшісі.

«Озат шопан» номинациясы

Малияр Жамбыл Қойшыбайұлы – «Жанұзақ» шаруа қожалығының шопаны. Шиелі ауданы.

«Озат бақташы» номинациясы

Қарабалаев Жәніс Ертуғанұлы – «Рза-Асыл түлік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бақташысы. Қазалы ауданы.

«Озат жылқышы» номинациясы

Елеусінов Әліл Қожабайұлы – «Қасқырбай» шаруа қожалығының жылқышысы. Арал ауданы.

«Озат түйкекеш» номинациясы

Ахметов Бақберген Құрманәліұлы – «Олжас» шаруа қожалығының төрағасы. Арал ауданы.

«Озат ветеринар» номинациясы

Сейтбеков Жомарт Алмасбекұлы – Жаңаарық ауылдық ветеринарлық пунктіннің меңгерушісі. Жаңақорған ауданы.

«Озат асылтұқымды мал өсіретін үздік репродуктор-шаруашылық» номинациясы

«Құланды» репродуктор-шаруашылығы. Директоры Тлеуов Нұрбек Алдоңғарұлы. Арал ауданы.

«Озат бидай өсіруші» номинациясы

Қожаев Бақытжан Таубайұлы – «Бестам елі» шаруа қожалығының бидай өсірушісі. Шиелі ауданы.

«Озат жоңышқа өсіруші» номинациясы

Тұрманов Сайфулла Хамитұлы – «Рахат» шаруа қожалығының жоңышқа өсірушісі. Жаңақорған ауданы.

«Озат көкөніс өсіруші» номинациясы

Нұрқожаев Нұрлыбек Анатолиұлы – «Смарт Агро» шаруашылығының көкөніс өсірушісі. Қазалы ауданы.

«Озат мақсары өсіруші» номинациясы

Сейтжанов Шағдар Әдімәліұлы – «Сейтжанов» шаруа қожалығының төрағасы. Шиелі ауданы.

«Озат бақша өсіруші» номинациясы

Бұрлыбай Құралбай Қаршыбайұлы – «Құмсуат» шаруа қожалығының бақша өсірушісі. Жаңақорған ауданы.

«Озат картоп өсіруші» номинациясы

Арыстанов Оразхан Базарғалиұлы – «Арыстанов» шаруа қожалығының картоп өсірушісі. Шиелі ауданы.

«Озат агроном» номинациясы

Натишаев Ержан Тілегенұлы – «Сыр дәні» шаруа қожалығының агрономы. Сырдария ауданы.

«Озат гидротехник» номинациясы

Байжігітов Рүстем Шаяхметұлы – «Қазалысушар» өндірістік учаскесінің құрылыс-жөндеу бөлімінің басшысы. Қазалы ауданы.

«Озат күріш өсіруші» номинациясы

Өтеуов Нұрбек Нағашыбекұлы – «III Интернационал Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің күрішшісі. Қармақшы ауданы.

Оспанов Асқар Шаяхметұлы – «Нағи» шаруа қожалығының күрішшісі. Жалағаш ауданы.

Бизаков Нұрлыбек Маратұлы – «Мағжан және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің күрішшісі. Сырдария ауданы.

«Озат жатқа машинисі» номинациясы

Сәкебаев Ескендір Аманқосұлы – «Тұрмағамбет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жатқа машинисі. Қармақшы ауданы.

Ақмырзаев Амандық Бегалыұлы – «Ауылым» фермер қожалығының жатқа машинисі. Жалағаш ауданы.

Қалымбетов Есенгелді Амангелдіұлы – «Тасу» шаруа қожалығының жатқа машинисі. Жаңақорған ауданы.

«Озат комбайншы» номинациясы

Дошанов Азамат Райымбекұлы – «III Интернационал Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің комбайншысы. Қармақшы ауданы.

Сапаев Мейрамбек Әлімұлы – «Береке» шаруа қожалығының комбайншысы. Қазалы ауданы.

Әліпбаев Қанат Жарылкасыұлы – «Таң ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің комбайншысы. Жалағаш ауданы.

«Озат бригадир» номинациясы

Копеев Елдос Болатұлы – «Төңкеріс К» шаруа қожалығының бригадирі. Шиелі ауданы.

Майбасаров Ербол Сәтбайұлы – «Сәрке батыр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің егіс бригадирі. Жалағаш ауданы.

Сматов Нұржан Сейітәліұлы – «Шаған Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің егіс бригадирі. Сырдария ауданы.

«Озат өңдеу кәсіпорны» номинациясы

«Пай Мир» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Серіктестік директоры Сатанов Мейрамбек Амантайұлы. Қызылорда қаласы.

«Озат тұқым шаруашылығы» номинациясы

«Ер-Әлі» шаруа қожалығы. Қожалық төрағасы Бекжанов Әліби Бақытбекұлы. Жалағаш ауданы.

«Озат егін шаруашылығы» номинациясының III орын жүлдесі

«Байтабын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Серіктестік директоры Ділдабеков Болат Мағлұмұлы. Жалағаш ауданы.

«Озат егін шаруашылығы» номинациясының II орын жүлдесі

«Мағжан и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Серіктестік директоры Ералиев Еркебұлан Дарханұлы. Сырдария ауданы.

«Озат егін шаруашылығы» номинациясының I орын жүлдесі

«Жанжол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Серіктестік директоры Төлепов Орынбасар Өтепұлы. Қармақшы ауданы.

«Озат теледидар тілшісі» номинациясы

Қарібай Мақсат Ғалымжанұлы – «Qyzylorda» телеарнасының редакторы.

«Озат газет тілшісі» номинациясы

Үмбет Әділжан Тұрсынбекұлы – «Сыр бойы» газетінің аға тілшісі.

«Ауыл шаруашылығы саласында үздік жетістіктерге жеткен озат аудан» номинациясы

«Балық шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» номинациясымен Арал ауданы марапатталды. Аудан әкімі Оңғарбаев Аманжол Сақыпұлы.

«Су үнемдеу технологиясын қолдану бойынша озат аудан» номинациясымен Жаңақорған ауданы марапатталды. Аудан әкімі Самитов Мажит Самитұлы.

«Ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тарту бойынша озат аудан» номинациясымен Жалағаш ауданы марапатталды. Аудан әкімі Ибраимов Ардақ Әбдіғанаұлы.

«Мал шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» номинациясымен Қармақшы ауданы марапатталды. Аудан әкімі Есмаханов Алмасбек Әбілкасымұлы.

«Егін шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» номинациясымен Сырдария ауданы марапатталды. Аудан әкімі Сәрсенбаев Берік Әбдіғанаұлы.

Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда быылғы жылы ең жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген үздік аудан» номинациясымен Шиелі ауданы марапатталды. Аудан әкімі Жандарбеков Айтбай Насриддинұлы.

«Абзал және К» толық серіктестігінің еңбек озаттарына автокөліктер табысталды

Илиясов Қанат Әбдікерімұлы – «Абзал және К» толық серіктестігінің бас заңгері.

Божанов Мақсат Викторұлы – «Абзал және К» толық серіктестігінің бас инженері.

Өтегенов Өмірбек Дастанұлы – «Абзал және К» толық серіктестігінің құрылысшысы.

Досанов Ербол Өмірзақұлы – «Абзал және К» толық серіктестігінің көлік жүргізушісі.

«Мағжан және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің еңбек озаттарына автокөліктер табысталды

Таутенов Нұрділда Айтәліұлы – «Мағжан және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің агрономы.

Бітімбаев Ақылбек Каленұлы – «Мағжан және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің механизаторы.

Төлегенов Нұртаза Төлегенұлы – «Мағжан және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бригадирі.

Байназаров Арысбек Жұманияұлы – «Мағжан және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сушысы.

Шенеуов Жандос Уәлиханұлы – «Мағжан және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің механизаторы.

«Абай Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің еңбек озаттарына автокөліктер табысталды

Есеналиев Аслан Оразұлы – «Абай Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің электрігі.

Ақназарова Айнеке Төребайқызы – «Абай Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің есепшісі.

Қалиев Өтепберген Алмасұлы – «Абай Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің агрономы.

Шортанбаев Мейрамбек Әубәкірұлы – «Абай Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пех басшысы.

Тұрлыбеков Жасұлан Абдрашитұлы – «Абай Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының орынбасары.

ҰЛТ РУХАНИЯТЫ МЕН
МӘДЕНИЕТІНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ



Қасиетті Сыр өңірі – астаналар мекені, ұлт руханияты мен мәдениетінің алтын діңгегі. Ежелгі Сақ заманындағы Шірік-Рабат, Оғыз мемлекетінің астанасы Жанкент, Ақ Орда мен Қазақ хандығының астанасы Сығанақ қаласы, Қазақ автономиялық кеңестік республикасының астанасы Қызылорда – соның айқын дәлелі.

Жүз жыл бұрын Орынбордан кейінгі астана аталуының өзі Ақмешіт аймағының Алаш үшін ардақты мекен екенін көрсетеді. Мемлекетіміздің бар маңызды шаруасы осы аралықтан бастау алып, ел егемендігіне ұмтылу жолындағы шешуші қадамдар жасалған болатын.

1925 жылы 15-19 сәуірде Ақмешіт қаласында бүкіл Қазақстан еңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы кеңестерінің бесінші съезі өтті. Онда алғаш рет Қазақ Республикасы деген атау өмір шындығына айналды. Ақмешіт қаласын «Қызылорда» деп атау жөнінде маңызды тарихи шешім қабылданды.

Өздеріңізге белгілі, биыл Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы «Біздің мемлекеттігіміз мыңжылдықтардан бастау алады, оның тамыры тым тереңде жатқаны даусыз. Бірақ осыдан бір ғасыр бұрын ұлтымыздың өз атауының оралуы тарихи әділдік орнату жолындағы маңызды қадам болғанын ашық айтуымыз керек. Мұндай маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс» деген болатын.

Ұлттық құрылтайдың келесі отырысын Қызылордада өткізу туралы шешімді барша сырбайлықтар зор қуанышпен қабылдап, ризашылық білдірде, – деді облыс әкімі.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталған аймақ басшысы биыл облыстың жалпы өңірлік өнім көлемі 3 трлн теңгеден асқанын, кейінгі үш жылда облыс экономикасына 1 триллион 600 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылғанын айтты.

2025-2028 жылдары 89 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 11 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылмақ. Биыл бюджет 851 млрд 300 млн теңгеге жетіп, 2022 жылдан бері 233 пайызға өскен. Оның 56 пайызы әлеуметтік салаға бағытталған.

Осыдан бір ғасыр бұрын Қызылорда қаласы ресми астана мәртебесін небәрі төрт жыл иеленсе де, Қазақ мемлекетінің алғашқы автономиялық кезеңінде жаңғырудың бесігі болып, ұлттың өзін-өзі тануына жол ашты. Ал бүгінде Сырдың жағасындағы бас қала дамуы мен тазалығы жөнінен республикада алдыңғы қатардан көрініп, өзге өңірлерге үлгі болуда. Конференцияда Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов «Қазіргі қала мәдениеті және Қызылорда» тақырыбындағы баяндамасына осыны арқау етті.



– «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясының біріктіру факторына назар аударуымыз керек. Саналы тәртіп мәдениетке айналады. Бұл арқылы біз тазалыққа үйренудеміз, үйретудеміз. Сыр өңіріне келген қонақтардың барлығы тазалыққа риза болуда, басқаға үлгі қылууда. Оның нақты бір дәлелі – биыл ішкі істерде айында үкімет мүшелері, халықаралық сарапшылар қатысқан Қазақстанның Ұлттық урбан форумының өтуі.

Қала мәдениетінің қазіргі тенденциясының басты факторы әр тұрғынның ортақ кеңістікке

ұмтылысына яғни, қоғамдық жауапкершілігі мен этикасына байланысты. Өркениетті қаланың басты көрсеткіші – адам мәдениеті. Өңірдің әлеуметтік-мәдени динамикасы осыны көрсетуде. Бүгінде Қызылорда қаласы – аймақтың мәдени орталығы, дәстүр мен жаңашылдықты қатар ұстанған заманауи кеңістік, – деді Н.Байқадамов.

Жиында баяндама жасаған филология ғылымдарының докторы, Анкара Хаджи Байрам Вели университетінің профессоры Хулия Касапоглу Ченгелдің айтуынша, Қызылорда – қазақтар тығыз қоныстанған, қазақ тілін, мәдениетін, ұлттық құндылықтарын барынша таза көрсететін өңір.



– Қызылорданың тарихи ерекшеліктерінің бірі – қала орналасқан Сыр өңірі Х-ХІ ғасырларда түркілердің ата-бабаларының ортақ мекені болған, оғыз, қыпшақ тайпалары көрші және бейбіт өмір сүрген.

1917 жылы Алаш Орда мемлекеті құрылғанда Алаш зиялылары Семейді астана етіп белгіледі. 1920-1924 жылдар аралығында Орынбор, одан кейін 1925-1929 жылдар аралығында Қызылорда астана болды.

Қызылорда Қазақстанның саяси және мәдени өмірінің қалыптасу кезінде, Тәуелсіздік жолындағы ұлттық күрестің ең қызған жылдарында елорда болды және осы кезеңде қазақтардың, тіпті бүкіл Түркістанның

ұлттық тәуелсіздігі үшін күрескен зиялы қауым өкілдерін қабылдап, мәдени өмірінің қалыптасуында маңызды рөл атқарған, – деді ол.

Жиында бұрын-соңды жарияланбаған тың деректер де айтылды. Мәселен, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Тұяқбаев Қызылорданың астана болған кезеңіндегі Қазақ халық ағарту институтының маңызын баяндады.

– 1925 жылы Орынбордан Қызылордаға астана көшірілгеннен кейін, Қазақ халық ағарту институты да осы қалаға ауысты. Бұл оқу орны сол дәуірдің ең ірі ағартушылық орталығы болды. Мұнда Сәкен Сейфуллин ректорлық қызмет атқарып, Ахмет Байтұрсынұлы, Сейіткали Мендешев, Сұлтанбек Қожанов, Темірбек Жүргенов, Құдайберген Жұбанов сынды тұлғалар ұстаздық етті. Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінде зиялылардың қолтаңбалары мен құжаттары сақталған. 1927 жылы Ахмет Байтұрсынұлының еңбек демалысынан үш күн кешігіп келгеніне байланысты жазған түсіндірме хаты ерекше назар аударарлық. Онда ол: «Өзімнің және жолдасымның науқастығына байланысты курортта демалдым. Менің негізгі міндетім – сабақ беру. Шығармашылықпен де, ғылыммен де, оқытушылықпен де айналысу...» деп жазады. Бұл хат – тұлғаның еңбекқорлығы мен жауапкершілігін танытатын сирек құжат, – деді ғалым.



Баяндамашы архив деректерін келтіріп, Сәкен Сейфуллиннің де тұлғалық ұстанымын, оның әділдігі мен принципшілдігін айғайтайтын жазбаларды бөлісті. Институтта Телжан Шонанов география және әдістеме пәндерінен сабақ берген, ал Ахмет Байтұрсынұлы сызу пәнін оқытқан. «Қызылорда – қазақ зиялыларының ізі қалған қасиетті топырақ. Мұнда ұлттың рухани, саяси және мәдени тарихындағы ең маңызды шешімдер қабылданды. Архивтерде сақталған құжаттар, естеліктер мен әдеби шығармалар – барлығы

да осы қаланың қазақ мемлекеттігін қалыптастырудағы ерекше орнын дәлелдейді», – деді ол.

Конференцияда Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың құттықтауын Сенат депутаты Руслан Рүстемов, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошановтың құттықтауын Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов жеткізді. Сондай-ақ Қазақстанның Еңбек Ері, академик Асқар Жұмалилдаев, мемлекет және қоғам қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Болатбек Қуандықов мерейтоймен құттықтады.



Басқосуда облыс әкімі Алаш арысы, ағартушы-ғалым, «Қызылорда» атауын ұсынған Қоңырқожа Қожықовтың немересі Сәуле Қожықоваға Сыр жұртшылығы атынан атабаба дәстүріне сай шапан жапты.

Келелі жиында Қызылорданың қазақ тарихындағы маңызды рөлін айшықтайтын тың деректер мен тұжырымды ойлар айтылды. Оқылған баяндамалар арнайы жинақ болып басылды. Мерейлі жылға орай өңірдің кешегісі мен бүгінгісінен сыр шертетін деректі фильмдер түсірілді. Бұл жас ұрпаққа аға буынның жасампаз істерін үлгі-өнеге етіп, архивтің алтын қорын толықтыратыны сөзсіз.

Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



1-бет

ЕЛДІК МҰРАТТАР ТОҒЫСҚАН ҚАЛА

Атам Қоңырқожа мен әжем Ләтіпа – осы өңірдің тумасы. Қ.Қожықов Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын тәмамдаған. Сол уақытта жәдиттік бағыттағы ағартушылық идеялар кенінен тараған еді. Жәдиттер сол дәуірдің алдыңғы қатарлы зиялылары, олар ғылымға, білімге, мәдениетке және ең бастысы, ағартушылыққа жана леп әкелуді көздеген. Белгілі ағартушылардың қатарында И. Гаспринский, өзбек классигі Махмұд Ходжабеков, Манабар Қорі сынды тұлғалар бар. Атам солармен бірге оқып, бірге қызмет атқарған. Ол Ташкент мұғалімдер семинариясын аяқтап, халық мұғалімі дипломын алған. Білім алғаннан кейін туған жеріне оралды.

Сол тұста белгілі болыс болған, жаңашыл жолжарық ұстаған Мұнайтыпас Лапинге жолғады. Мұнайтыпас – қазақтан шыққан тұңғыш заңгер, білімді тұлға Сералі Лапиннің әкесі. Мұнайтыпас, Сералі және Қоңырқожа үшеуі бірігіп, жаңа мектеп ашуға атсалысқан.

Бұл мектептердің ерекшелігі неде еді? Бұрын оқу тек діни бағытта, исламдық жүйеде жүргізілген. Балалар тек Құран аяттарын үйренумен шектелген. Ал Қожықов жаңа үлгідегі мектеп ұсынды. Дәл осындай мектепті ол Сырдария ауданында ашқан. Бұл өңірдегі алғашқы зайырлы мектептердің бірі болды. Оның үстіне мектепте қыз балалар да оқыған. Бұл ол уақытта сирек жағдай еді. Оқушылардың арасында кейін оның жарына айналған Мұнайтыпас Лапиннің қызы Ләтіпа да болды. Екеуі бірін-бірі ұнатып, отбасын құрды.

ЕЛДІК МҰРАТТАР ТОҒЫСҚАН ҚАЛА

Ләтіпа қазақтың алғашқы театр суретшісі атанды. Ол өте батыл, жаңашыл, ойлы әйел болған. Кейін оны театр аңызы деп атады. Өмір бойы опера және балет театрында еңбек етті. 1926 жылы театр жаңадан құрылған тұста алғашқы қойылымға дайындық олардың үйінен басталды. Қожықовтардың үйінде Жұмат Шанин, Құрманбек Жандарбеков сынды тұлғалар жиі бас қосатын. Сол жерде алғашқы спектакльдер дүниеге келді. Атап айтар болсақ, «Қарагөз», «Алтын сақина», «Ендік-Кебек» сынды. Бұл қойылымдардың бәрі де алғашында Қызылордада сахаланып, кейін Алматыда жалғасын тапты.

Бесінші съезд кезінде республикаларды межелу мәселесі қаралып жатқанда Қ.Қожықов Қызылорданың атын ұсынған. «Қызыл» сөзі большевиктерге ұнайды ал, «Орда» – ұлттық атау деген ойын айтқан. Кейін бұл ұсынысты мінберде Сұлтанбек Қожанов жариялаған.

Атамның төрт ұлы болған. Олар Қожахмет, Құлахмет, Нұрахмет және Сұлтанмахмет. Бәрі де суретші. Мен екінші ұлы Құлахметтің қызымын. Балалары да әке жолын жалғап, өнер мен шығармашылыққа бет бұрды. Әкемнің бойындағы дарын бізге де дарыды. Балаларының бәрі суретші, кинематографист, танымал тұлғалар.

Қызылорда – осындай ұлы есімдерге бай қасиетті мекен. Себебі дәл осы жерде алғашқы астанада, мемлекетіміздің іргетасы қаланды.

Сәуле ҚОЖЫҚОВА,
Қазақстан Суретшілер,
Кинематографистер
одағының мүшесі

ПІКІР-ПАЙЫМ

ҒАСЫРЛЫҚ МЕРЕКЕ ҒИБРАТЫ

Қызылорданың астана болғанына және «Қазақ» аты ресми қайтарылғанына 100 жыл толуына орай «Қызылорданың астаналық кезеңі: тарих пен тағылым» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтуде.

Осыдан жүз жыл бұрын Сыр бойындағы ескі қалашық жер-су мен халқы бір шаңырақ астына жиылған кеңестік мемлекеттің астанасы атанды. Бұл Ақмешіттегі V съезде жүзеге асқан еді. Съезге сайланған делегаттар жаңа Қазақ республикасының даму жолын, мұқтаждықтарын қарастырып, маңызды шешімдер қабылдады. Халықтың этникалық аталымын ресми түрде өзіне қайтарып, республиканың бұрмаланған атауын түзетті. Жаңа астанаға заманның және жаңғырған ұлттың рухына сай жаңа да айбынды ат берді. Міне, осы тарихи оқиғаның ғасырлық мерекесін атай отырып, оның өмірге келу жолын да еске түсірмей тұра алмаймыз.

Сол себепті Ақмешіт съезі – тарихи кезеңді қамтитын тарихи сәт. Облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен өтіп жатқан шараның маңызы зор. Қаланың тарихы – қазақтың тарихы, «Қызылорда» атауы қайдан шыққаны халықтың есінде болуы тиіс. Өйткені бұл қазақ өміріндегі үлкен бетбұрысқа өткен

кезен болып саналады. «Киргиз» республикасының «Қазақ» деп аталуы сол кезде жүзеге асты. Міне, Қызылорда қаласының астана болғанына бір ғасыр толды. Біз де мерейлі мерейтойды атап өтуге келіп отырмыз.

Алғашқы астананың тұрғындары бұл тарихи оқиғаны айрықша мақтан етуге болады. Өйткені бұл – бүкіл қазақ бір шаңырақ астына біріккеннен кейін тұңғыш съезд өткен тарихи жер. Сол себепті жастар тарихты терең ұғынып, жасампаз қаланың жандануына үлес қосып, құрметпен қарауды үйрену керек.

Байқап қарасақ, Қызылорда қаласы қарқынды дамып келеді. Жаңашыл бағытта заманауи ғимараттар, зәулім үйлер көптеп салынууда. Сырдария өзенінің сол жағалауында бой көтерген жаңа қала қандай керемет! Өңірдегі оң өзгерістерді көріп, қуанып жатырмыз. Тарихи қаланың әлі де өркендей түсетініне сеніміміз мол.

Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ,
жазушы, тарих
ғылымдарының кандидаты,
«Әділет» республикалық
тарихи-ағарту қоғамы
басқарма төрағасының
орынбасары

ТЕАТРДЫҢ ІРГЕТАСЫ
ҚАЛАНҒАН ШАҒАР

Қызылорда – қазақ үшін қасиетті топырақ, киелі жер. «Қазақ» атауын қайтарған қала. Сол үшін орны ерекше. Сұлтанбек Қожанұлы «Әрбір істе қазақтың жұмысы, қазақтың шаруасы көріну керек. Орынборда оның ішінде біздің астанамыз қалуға тиісті емес» деп 1924 жылы «Ақжол» газетінде жазған болатын. Арда көп ұзамай көштің басы Қызылордаға бұрылды.

Бұл – Түркістан республикасы ыдырап, қазіргі оңтүстік аймақтардың Қазақстанға қосылғаннан кейін астана мәртебесіне ие болған тарихи қала. Сондай-ақ қазақ жұртына өзінің төл қазақ атын қайтарған шаһар. Қаланың ел тарихындағы маңызды орнын көрсеткенде, Алаш қайраткерлерінің ұлт жолында жүзеге асырып үлгерген маңызды істерінің орталығына айналғанын айтуымыз керек.

Алаш қайраткерлерінің игі жұмыстарының ішінде Қызылорда қаласында ұлт театрының ұйымдастырылуын ерекше атағым келеді. Театрдың өмірге келуі қазақ мәдениеті тарихындағы елеулі із болып саналады. Ұлт театры ұйымдастырылуының бастауында да Алаш арыстары тұрғаны тарихи шындық.

Біздің мұнда келуіміздің басты себебі, ағамыз Қошқе Кемеңгерұлының пьесасымен 1926 жылы қаңтар айында Қызылордада Мемлекеттік театр шымылдырығын ашқан еді. Қошқенің ұрпағы ретінде конференцияда театрдың ұйымдастырылуы жөнінде кенінен айттым. Қайраткер Смағұл Сәдуақасұлы, театрдың тұңғыш директоры Дінше Әділұлы және алғашқы қойылымның авторы Қошқе Кемеңгерұлы барлығы осы Қызылордаға шоғырланды. Сондықтан бұл ұлт мәдениетінің шырағы жағылған жер десек те болады.

Мұнда келген сайын қаланың қалай дамып жатқанына куә болып жүрміз. Күннен-күнге кеңейіп, дамып, өркендеп келеді. Алдағы уақытта да тың бастамалар сәтті жүзеге аса береді деп ойлаймын.

Қайырбек КЕМЕНҒЕР,
Л. Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ қауымдастырылған
профессоры,
филология
ғылымдарының кандидаты



Осыдан бір ғасыр бұрын Қызылорда қаласы ресми астана мәртебесін небәрі төрт жыл ғана иеленсе де, Қазақ мемлекетінің алғашқы автономиялық кезеңінде жаңғырудың бесігі болып, ұлттың өзін-өзі тануына жол ашты. Қызылорданың астана ретіндегі мәртебеге ие болуының алғышарттары туралы облыс әкімі Нұрлыбек Машбекулының идеясымен және тікелей қолдауымен жақында ғана жарық көрген кітапта жан-жақты жазылған. Бұл кітаптың ерекшелігі, онда сол бір кездегі жағдайға байланысты архив, т. б деректер барынша сараланған. Бұрындары ол деректер осындай деңгейде зерделенбеген болатын.

САНАЛЫ ТӘРТІП МӘДЕНИЕТКЕ АЙНАЛАДЫ

немесе төрттағаннан не түйеміз?

Содан бері бүкіл қазақ елінің шежіресімен біте қайнасып келе жатқан қаламыз бірнеше тарихи кезеңдерді еснерді. Астана кезеңі, уезд орталығы, облыс орталығы, өлкелік партия жүйесі кезіндегі, Тәуелсіздік кезіндегі облыстың бас қаласы ретінде қаламыз әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері мен тағылым берер даму жолдарынан өтіп келеді.

Тәуелсіздік кезеңінде облыс орталығы ретіндегі өміріміздің дамуындағы орнын айшықтай түскен жұмыстардың басында болған ел ағалары ортамызда жүр.

Осы кезеңдердің бәрінде Қызылорда қала ретінде Ұлы даламызда қала мәдениетін дамытуда мәнді де маңызды роль атқарды. Қаламыздың мәдени динамикасын түсіну үшін оның тарихи дамуына көз жүгірту керек. Қызылорданың астаналық кезеңінен мемлекет құрылысының, сонау Қаңлы, Оғыз мемлекеттерінен бастау алатын Сыр өңіріндегі қала мәдениетінің іргетасы қаланды. Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған саяси-экономикалық реформалар негізінде демократиялық қағидалар күш алып, басқаруда «жылымық» қалыптасып, жасаймын деген басшылар орталықтан қолдау күшейді. Соның бірден-бір дәлелі – «посткастар» кезеңіндегі Сыр өңірінің серпініп дамуға қол жеткізуі. Менің айтпағым, осы кезеңдегі қала мәдениетінің өңірімізде жаңа кезеңге көтерілуі туралы болмақ.

Қала мәдениеті – қоғам дамуының айнасы, оның рухани және әлеуметтік бейнесін анықтайтын маңызды фактор. Қала кеңістігі тек физикалық құрылым емес, ол – адамдардың арасындағы қарым-қатынас, өмір салты, құндылықтар мен эстетикалық талғамдар тоғысқан орта. Жалпы «мәдениет» сөзі көне заманда «жерді өңдеу» сөзінен шыққан. Кейіндеу «жанды жетілдіру» деген ұғымға ауыса бастады. Уақыт өте келе, бұл атау «бірлесө өмір», «білім беру», «даму», «қабілеттілік», «құрметтеу» деген мағыналарға ие болуда. Деректерге сүйенсек, жалпы мәдениет қазақ тіліне арабтың «мадәват» қала, қалалық деген сөзден енген.

«Мәдениет» түсінігінде адамдар еңбегінің, оның адамдардың іс-әрекетімен байланыстылығы, қызметі мен бірлігі айқындалады, яғни мәдениет адамдар жасаған «екінші табиғат» деген де түсінік бар. Мәдениеттің оның ішінде, қала мәдениетінің әсерімен қоғам ілгері жылжиды. Қала мәдениетін көтеру арқылы тұрғындар бойында еркіндікті сыйлау, жауапкершілікті бірлесө көтере білу, адамгершілік қасиеттерді құрметтеуді жаңаша түсіне аламыз. Өркеніетті елдерде қала мәдениеті «адамға жайлы орта» қағидасына сүйенеді: экология, қоғамдық кеңістік, мәдени және цифрлық инклюзия барлығы үйлесім табады. Мысалы, Скан-

динавия елдері адамның тыныс алуына, табиғатпен үйлесімді өмір сүруіне басымдық береді. Жапония тәртіп пен қоғамдық этикеттің үлгісін жоғары қояды. Оңтүстік Корея, Қытай, Сингапур, Вьетнам, т.б. «Смарт қалаға» көп көңіл бөледі. Америка, Еуропаның көп елдері «қалалық бақтар» қозғалысын өркендетуде. Әлемдік қала мәдениеті келесідей тенденцияларды алдыңғы қатарға шығаруда: жасыл урбанизация, цифрлық урбанизация, адамға бағытталған қала, креативті индустриялар мен мәдени туризм, қоғамдық жауапкершілік пен этика.

Осы сөздеріміздің біршамасын Сыр өңіріндегі ауқымды жобалардың іске асуымен дәлелдей аламыз. Өңірімізді жандандыру процесінде облыс басшысы, Президентіміздің «облыс орталықтары өз өңірлерінің өсімінің өзегі болуға тиіс», – деген көзқарасына сүйенді.

Облыс басшысы Нұрлыбек Машбекулы өңірді дамытуда жан-жақты ойластырылып, мұқият жүргізілетін бағыттарды анықтауға қатты көңіл бөлді, жобалаушылардан қатаң талап етті. Өткеннің жетістіктеріне құрметпен қарап, көп нәрсені жете зерделеу керектігі басты ұстаным болды. Барлық нысандардың сәулетін салыстыра қарау қоғамдық санада серпіліс туғызды. Ескінің бәрі жаман емес, бірақ оларды тұрғындардың қалауына сәйкес жаңғырту оңай шаруа емес.

Осы бағыттағы негізінен басымдықта болған тенденцияларға назар аударуымыз маңызды.

Біріншіден, облыстағы тұрғын үй бағдарламалары, қолжетімді қоғамдық кеңістіктер мен инфрақұрылымдар адамдардың өмір сүру деңгейі мен мүмкіндіктерін теңестіруге бағытталды. Кейінгі үш жылда 2,5 млн шаршы метр тұрғын үй салынды. Аудандарда инфрақұрылымы қала үйлеріне барынша теңестірілген бір жарым мың пәтер тұрғындарға берілді. Өңірдегі әлеуметтік, білім, денсаулық, спорт, мәдени, әлеуметтік қорғау нысандарының тұрғындарға қолжетімділігі артты. Қаншама парктер мен скверлер, алаңдар салынды, қайта жөндеуден өтті. Жаңадан ТЭЦ салынды, ыстық су берілуде.

Екіншіден, тұрғындардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар жүруде. Цифрлық жаңа технологияларды пайдалану арқылы қалада, барлық аудандарда шұғыл басқару орталықтары өз жұмысын бастады. Бұл өз кезегінде тұрғындардың психосоциалдық жайлылығына әсер етуде.

Үшіншіден, өңірімізде жер мен уақытты және қаржыны тиімді пайдалану мақсатында конфункционалды нысандар салынууда. Мысалы, жақында ашылған стадионда 20 мың шаршы метрді қамтитын аумақта оннан астам олимпиадалық спорт түрінен секциялар жұмыс жа-

сайды. Кенттер мен ауылдардағы спорт кешендері де бірнеше спорт түрлеріне ыңғайластырылған. «Руханият орталығы» бүгінге дейінгі өзекті мәселелерді бірден шешуге мүмкіндік берді. «Оқушылар сарайлары» мен шығармашылық-инновациялық академиясы жиырмаға жуық үйірмені қамтып отыр. Мәдениет үйлері «Адал адам» мәдени-тәрбие орталықтары ретінде қайта құрылды. «Өнер орталығы», музыкалық колледж, «Отбасы орталығы», «Анаға тағзым» орталықтары да бірнеше функцияларды атқаруда.

Төртіншіден, қала және елді мекендердегі жаяу жүргіншілерге арналған кеңістіктердің кеңеюі көлік қозғалысын реттеуге, экожүйені жақсартуға, адамдардың денсаулығына көмектеседі. Бұл тұрғыда жаңадан ашылған жайлы веложолдар, түзу тротуарлар, сәнді скверлер мен ашық аллеяларға көпшілік куә. Қалаларлық көлік қатынасы реттестірілді. Жаңа әуежай, автовокзал салынды, барлық теміржол вокзалдары күрделі жөндеуден өтуде. Бірнешеуі қайта салынууда. Қала ішіндегі көлік қатынасы шешілді. Экотакси келді. Жасыл урбанизация аясында қайта өңдеу зауыты салынууда. Осындай тағы басқа да ойластырылған жұмыстар негізінде қоғамдық санамыздың деңгейі көтерілуде. Тұрғындардың қолдауы артып келеді. Дегенмен, ақыл қосып, пікірталас кезінде жеке адамнан гөрі көпшілік жасы, ал іс-қимыл, шешім қабылдауда топқа қарағанда даралық тиімді. Адамдардың ортақ шешім қабылдауына қатысуы өте тартымды көрінгенмен, оны күш-жігер жұмсау тұрарлық етіп жұмыс істегуте мөжбүрлеу қажеттігін түсіну қиын. Осы ретте «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясының бірік-тір түрдегі факторына назар аударуымыз керек. Ал саналы тәртіп мәдениетке айналады. Бұл арқылы біз тазалыққа үйренудеміз, үйретудеміз. Сыр өңіріне келген қонақтардың барлығы бірлесіп жасаған тазалығымызға риза болуда, басқаға үлгі қылууда. Оның нақты бір дәлелі, биыл шілде айында Үкімет мүшелері, халықаралық сарапшылар қатысқан Қазақстанның Ұлттық урбан форумының бізде өтті.

Қала мәдениетінің қазіргі тенденциясының басты факторы, әр тұрғынның ортақ кеңістікке ұмытылысына яғни, қоғамдық жауапкершілігі пен этикасына байланысты. Өркеніетті қаланың басты көрсеткіші – адам мәдениеті. Өңіріміздің әлеуметтік-мәдени динамикасы осыны көрсетуде. Бүгінде Қызылорда қаласы – аймақтың мәдени орталығы, дәстүр мен жаңашылдықты қатар ұстанған заманауи кеңістік.

Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ҰЛТ ТЕАТРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ



Алаш кезеңі жайында архив материалдарын зерттеп, сала ғалымдарының еңбегін зерделегенде, ұлт тарихында бұрын-соңды болмаған ренессанстық құбылыс – Алаш қозғалысының қазақ халқының азаматтық тарихындағы рөлін, қазақ ұлттың дамытудағы тұжырымдамасын былайша пайымдауға болады. Ұлт-азаттық Алаш қозғалысының тарихи миссиясы:

- отаршылдық арбаудағы Қазақ елін оятты;
- қазақ жұртын ұлт ретінде біріктірді, тұтастырды;
- қазақ жұртында алашшылдық сана қалыптастырды, бойына елдік рух сіңірді;
- қазақты еркіндікке шақырды, дербес ел бола аласың деген пікірге сендірді;
- қалың бұқараны ұлтшылдыққа, ел-жандылыққа, адамсүйгіштікке, имандылыққа баулыды;
- ұлттық баспасөзді тудырды;
- қазақтан тұңғыш депутаттарды шығарды;
- қазақтың тұңғыш жалпыұлттық саяси партиясы – «Алашты» құрды;
- Ұлт кеңесі – «Алашорда» үкіметін сайлады;
- Мемлекеттік-құқықтық атрибуттарды қалыптастырды;
- Алаш милициясын жасақтады;
- қазақ жерінің біртұтастығын сақтады;

– төте жазулы қазақ әліпбиін құрастырды;

- Алаш мектептерін ашты;
- қазақ жазба әдеби тілін жаңа сатыға көтерді, стилін қалыптастырды;
- жаңа мазмұндағы ұлттық жазба әдебиетті өмірге әкелді;
- қазақтың тұңғыш романын, повесін, пьесасын жазды;
- ұлттық гуманитарлық, қоғамдық, жаратылыстану ғылымдардың негізін жасады;
- ұлттық тарих, тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының негізін қалады;
- Абайтану ілімінің негізін салды;
- қазақтың тұңғыш жастар ұйымын құрды;
- ұлттық театрды дүниеге әкелді;
- алғашқы қазақ оқулықтарын жазды;

- қазақтың тұңғыш жоғары оқу орнын ашты;
- қазақ ғылымын, өнерін, мәдениетін, әдебиетін әлемге танытқан ұлт-азаттық тәрбиелі;
- Алаш қайраткерлері құрбандыққа шалынды, патшалық Ресей билігінің, коммунистік Кеңес үкіметінің қазақ ұлтына қарсы жүргізілген экспансиялық, отаршылдық, геноцидтік саясатының зардабын тежеді.

Қазақ ұлтының дамуына, атамекен жер тұтастығының сақталуына, Алаш баласының елдікке жетуіне бағытталған бұл игілікті істің барлығы Алаш қозғалысы аталатын ұлы тарихи құбылыс сипатын тұжырымдал көрсетеді.

XX ғасыр басында ел бола аласың, автономиялы жұртқа айналасың деген пікірді қазақ халқының санасына сіңіріп, көңіліне сендірген ұлт-азаттық Алаш қозғалысының қайраткерлері тағдырлы 1917 жылғы Алашорда ұлт кеңесі құрылғаннан кейінгі кезеңде төрт астананы көріп кетті. Олар: Алаш, Орынбор, Қызылорда, Алматы. Алаш қаласы екінші Жалпықазақ-қырғыз съезінен кейін Алашорда тұсында сайланса, қалған астаналар Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы тұсында белгіленді. Мерзімі қысқа болса да, тұңғыш орталық болған Семей шаһарының бір бөлігі – Алаш қаласының ұлт тарихындағы орны бөлек. Одан кейінгі екінші астана Орынбор – қазақ қайраткерлерінің Мәскеудегі болышевтік билігімен келіссөз жүргізіп, мәмілеге келіп, автономиялы жұрт болғаннан кейінгі орталығы. Ал Қызылорда – Түркістан республикасы ыдырап,

қазіргі оңтүстік аймақтардың Қазақстанға қосылғаннан кейінгі кезде астана мәртебесіне ие болған тарихи қала. Сондай-ақ Қызылорда – қазақ жұртына өзінің төл қазақ атын қайтарған шаһар.

Қызылорда қаласының ел тарихындағы маңызды орнын көрсеткенде, Алаш қайраткерлерінің ұлт жолында жүзеге асырып үлгерген игі істерінің орталығына айналғанын да ерекше атаймыз. Астана Қызылордадан ауысқан мезгілде Алаш қайраткерлері де қоғамдық-саяси, мәдени-ағартушылық биліктен біржола шеттетілді. Қызылордадан астана мәртебесі кеткен кезде, қазақ жұрты оқыған Алаш азаматтарынан қол үзді. Сондықтан Қызылорда Алаш арыстарының табаны тиген, ұлтқа еңбегі сіңген қасиетті топырақ болып саналады. Астана Алматыға ауысқан мезгілде Алаш арыстары жаппай абақтыға қамалып, қуғын-сүргінге ұшырады. Бұл ретте Алаш қайраткерлерінің қазақ жұртына сіңіріп үлгерген соңғы қажырлы да табанды еңбегі Қызылорда топырағында қалды дей аламыз. Бұл қалада Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының қызы Гүлнар Дулатова көрсеткендей, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жағыпар Лапин, Қоңырқожа Қожықұлы, Серікбай Ақайұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Әлмеғамбет Құрманшин, т.б. азаматтар өмір сүрді. Алаш қайраткерлерінің бірқатары бұл қалада ағартушылық, баспасөз саласында қызмет етсе, біразы кітаптарын, оқулықтарын жарыққа шығарды, ғылыми жиналдарға қатысып, қазақ ғылымының қалыптасуына негіз болатын еңбектерін өмірге әкелді.

Алаш қайраткерлерінің игі жұмыстары ішінде Қызылорда қаласында ұлт театрының ұйымдастырылуын ерекше атағымыз келеді. Театрдың өмірге келуі қазақ мәдениеті тарихындағы елеулі із болып саналады. Ұлт театры ұйымдастырылуының бастауында да Алаш арыстары тұрғандығы тарихи шындық.

1925 жылдың қазан айында, осы күннен тура 100 жыл бұрын Қазақстанның әр аймағында тұма дарынымен, өнерімен елді тәңті еткен әртістер, өнерпаздар Қызылорда қаласына шақырылды. Халық ағарту комиссары Смағұл Сәдуақасұлының ұйымдастыруымен Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыров, Серке Қожахмұлов, Құрманбек Жандарбеков, Өміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Қалыбек Қуанышбаев, атақты күш иесі, балуан Қажымқан Мұнайтыпасов бастаған біртұма өнер тарландары қазақ театрының негізін қалады. Осылайша, Сырдария бойындағы қасиетті топырақта қазақ баласына жаңа өнер түрі өмірге келді.

Алайда театр тарихын айтқанда, әлі күнге дейін түзетілмей келе жатқан кейбір ақтандық мәселені де ескерткіміз келеді. Алматы төріндегі М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрының сайтында: «1926 ж. 13 қаңтарда театр шымылдығы ресми түрде М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясымен ашылды. Алғашқы ұйымдастыру жұмыстарына алғашқы директоры Д.Әділов, шығармашылық қалыптасуына алғашқы режиссер Ж.Шанин көп еңбек сіңірді» деп көрсетілген. Өнер орласының тарихындағы бұл мәліметті түзету керек екендігі Алаш арыстары ақталғаны, еліміз тәуелсіздік алғаннан бері баспасөзде, ғылыми жиналдарда талай мәрте айтылып келеді. Театр шежіресінде Алаш қалам қайраткері Қошке Кеменгерұлының есімі аталуы орынды, тарихи тұрғыдан әділ болады деп санаймыз. Себебі Мемлекеттік ұлт театры Қошке Кеменгерұлының «Алтын сақина» драмасымен ресми ашылғаны тарихи шындық.

Театр тарихындағы бұл ақтандық жайында Р.Рүстембекова, Б.Қойшыбаев, Д.Қамзабекұлы, Г.Орда есімді ғалымдар

жазды. Академик Дихан Қамзабекұлы «Мемлекет театрының туған күні» атты зерттеу мақаласында былай деп көрсетті: «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылы қаңтар айындағы бірнеше санының бірінші бетінде басылған хабарландыру мәтіні төмендегідей: «Гинуардың 13-і күні кешкі сағат 6-да Мемлекеттік ұлт театрының ашылу мерекесі болады. Театр әртістері Кеменгерұлының «Алтын сақинасын» ойнайды. Оның соңынан – концерт, демалыс уақыттарында оркестр ойнап тұрады. Театр директоры Дінше» (Д.Қамзабекұлы, Руханият, Алматы, «Білім» баспасы, 1997, 207-208 бб.). Халық ағарту комиссары болған қайраткер Смағұл Сәдуақасұлы театрдың ашылғанына байланысты бірнеше мақала жазды. Олар ресми басылым – «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланды. Газеттің 1926 жылғы 24 қаңтарда шыққан «Алтын сақина ойыны туралы» атты мақаласында қайраткер былай деп көрсетті: «Гинуардың 13-і күні Кеменгерұлының «Алтын сақинасын» ойнады. Концерт бөлімінде ән салынып, күлдіргі тапқалар айтылды. Сауық кеші ұлт театрының ашылуына арналды» (С.Сәдуақасұлы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы, «Алаш» баспасы, 2003, 270-б.).

Біз ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің театр өнерінің тарихындағы орнын биік бағалаймыз. Сонымен бірге тарихи шындықтың бұрмаланбауын, әділдіктің орнағанын қалаймыз. Біле білсек, Мұхтар, Қошке, Смағұлдар – замандас, ниеттес, қаламдас, дос адамдар болған. Олар да ақиқаттың бұрмаланбағанын тілер еді деп білеміз. 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» кітабында М.Әуезов: «Тарихтың дәл суретімен толығырақ танысамын деген кісі болса... Қошмұхамбет Кеменгерұлының «Қазақ тарихынан» еңбегін қарап өтсін дейміз» деп жазды. Қошкенің қаламгерлігін, Алаш рухында ниеттес жан болғандығын Мұхтар бағалаған. Екі азамат 1918 жылы сәуір айында Омбы қаласында өткен Қазақ жастарының тұңғыш съезінде танысқан. Мұхтардың тырнақалды мақалалары Қошкенің редакторлығымен Қызылжар қаласынан жарық көрген «Жас азамат» газетінде басылды. Екі қаламгер 1924 жылдың жазында Германиядан келген неміс профессоры Макс Кучинскимен бірге Абай елінде экспедицияда қатар жүрген. Ташкентте 1930 жылы аспирантурада оқып жүрген кездерінде бір күнде тұтқындалып, абақтының азабын екі жыл бірге тартқан. Мұхтар Әуезов бостандыққа шығып, Қошке Кеменгерұлы қуғын-сүргіннен құтыла алмай Валуикке жер аударылып, ақыры 1937 жылдың күзінде Омбы қаласында 41 жасында оққа ұшты.

«Қазақ баспасөзінің қатесін көрсө, Еуропа әйелдері бала тастар еді» деген Алаш көсемі Ө. Бөкейханның сөзі бар. Арада бір ғасыр өтсе де, ұлт театры тарихындағы қатені әлі де түзете алмай жатқанымыз өкінішті. Қаңтар айында ұлт театрының ресми ашылғанына 100 жыл толады. Алғашқы қойылым авто-ры, Алаш қалам қайраткері Қошке Кеменгерұлының туғанына 130 жыл болады. Осынау мерейлі жылда М. Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрының сайтында, оқулықтарда, мектеп оқушыларының тест сұрақтарында тарихи шындық дұрыс жазылса деп тілек білдіреміз. Театр шымылдығын ашқан тарихи «Алтын сақина» пьесасы 100 жылдан кейін Қызылорда қаласында тағы да қойылса деп ниет қыламыз.

Қайырбек КЕМЕНГЕР,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
қазақ әдебиеті кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының
кандидаты

Әсіресе, бұған дейін «қазақ» сөзіне қатысты тақырыптар тек зерттеуші мамандар арасында ғана ғылыми жағынан аса маңызды болып келсе, енді Мемлекет басшысының ерекше мән беріп, бір ғасыр бұрын ұлт атауы ретінде қайта оралуын тарихи әділдік деп бағалауы тақырыптың саяси маңызын одан әрі еселеп жіберді. Сөйтіп, «қазақ» атауын қазіргі таңда өзектілігі аса жоғары тақырыптардың біріне айналып отыр. Осыған орай біз де осы жұмысымызда «қазақ» атауының мәні мен мазмұнына қатысты өзіндік ойларымыз бен тұжырымдарымызды бөлісуді жөн көріп отырмыз.

«Қазақ» атауының зерттелу тарихына көз жүгіртсек, оның ғылыми ортада күн тәртібіне қойылып, мамандар тарапынан зерттеле бастағанына 300 жылдай уақыт болған екен. Осы бір үш ғасырдай уақыт ішінде «қазақ» атауына қатысты әр елдің бірнеше ондаған авторлары өз зерттеулерінде өзіндік ой-пікірлері мен түйін-тұжырымдарын білдірді. Сөйтіп бұл мәселе бойынша бірнеше бағыт пайда болды. Оларға — «қазақ» атауының шығуы мен пайда болуы, атаудың мәні мен мазмұны, мәні мен мазмұнының тарихи эволюциясы, тіпті осы үш ғасыр уақыт ішіндегі зерттелуі немесе тарихнама-сы секілді мәселелер жатады. Бұл көрсетілген тақырыптардың әрқайсысы жеке арнайы зерттеуді қажет етеді. Осыны ескерте келе біз, тек бір ғана — «қазақ» атауының мәні мен мазмұны жөніндегі мәселеге тоқталмақшымыз.

Дегенмен де, осы жерде түгелдей бір халық атауының не себепті дұрыс жазылауын, тек 1925 жылы ғана «тарихи әділдіктің орнатылғанын» түсіндіре кетелік.

XV ғасыр ортасында Қазақ хандығының Дешті Қыпшақ аумағында тұ көтеріумен этникалық және саяси үдерістер бір арнада тоғысып, этникалық сипаттағы мемлекетті — Қазақ хандығын және этникалық сипаттағы этносты — қазақ халқын дүниеге келтірді. Сөйтіп, жаңа мемлекет пен жаңа этнос көршілеріне танылды. Тіпті осы кезеңде жазба деректерде (1530-жылдары) алғаш рет түбірі «қазақ» сөзі негіз болған «Қазақстан» атауы — «қазақтардың мекені» деген термин пайда болады. XVIII ғасырдың 30-жылдарында, дәлірек айтсақ 1734 жылдың 28 қыркүйегінде Ресей астанасында шығатын «Санкт-Петербургские ведомости» газетінің түсіндірмесінде қазақтарды қырғыз атауымен қалып-пен шатастырады. Сол кезден бастап, «қырғыз» атауы қазақ халқының атауы ретінде қолданыла бастайды да, 200 жылдай айналмада болады.

Мұның қате екенін алғаш рет Сібір тарихының көрнекті зерттеушісі, «Сібір тарихының атасы» атанған Герхард Фридрих Миллер (орысша Федор Иванович Миллер) (1705-1783) өзінің 1750 жылы жарық көрген көптомдық «Сібір тарихы» атты еңбегінің бірінші томында айтып өтеді. Ол қазақ пен қырғызды екі халық деп көрсетіп, қазақтарды Жайық өзенінен шығысқа қарай Бұхара шекарасына қарай өмір сүретін халық деп көрсетеді. Арала жүз жылдай уақыт өткеннен кейін, 1832 жылы тарихшы А.И.Левшин өзінің қазақ халқының тарихына арналған алғашқы еңбегін жазды. Ол бойынша «қайсақ» немесе «сақ» деген сөздер «қазақ» сөзінің қателескен, бұрмаланған түрі. «Қазақ» атауын олар қырғыз-қазақ Ордалары пайда болғаннан рет қолданып келеді. Қазіргі күнде де олар өздерін осылай атайды және көршілеріне де осы атаумен белгілі. XVIII ғасырға дейін Ресейде де қырғыз-қайсақтарды білмей, қазақтар деп атаған. Өкінішке орай, қалың бұл ескертпесі мен кенесіне Ресей де ешкім де құлақ аспады. «Тарихи Әділдік орнауы» үшін тағы да 100 жылдай уақыт керек болды.

Бұл мәселе бойынша бастама көтерген XX ғасыр басындағы ұлт зиялылары болды. 1913 жылы Міржақып Дулатов «Қазақ» газетінде «қырғыз» атауының орнына «қазақ» деп жазуды ұсыына, он жылдан кейін, 1923 жылы Сәкен Сейфуллин «Еңбекші қазақ» газетінде «Қазақстанның орталық үкіметі «киргиз» деген есімді қолыны, «қазақ» деген есімді қолдануға жарық (декрет) шығару керек. Қазақты «қазақ» дейік, тарихи қатені түзетейік!» деп жазды.

Енді қазақ сөзінің мәні мен мазмұнына қатысты негізгі мәселелер ауысайық.

Алдыңғы беттерде айтып өткеніміздей, «қазақ» сөзінің шығуы мен мағынасына қатысты еңбектердің бәрін қарастыра келе, алғашқы 200 жыл бойғы зерттеулерде негізінен атаудың мағынасын түсіндіруге тырысқаны байқалады. Кейбір ғалымдар ол мағыналарды жағымды және жағымсыз деп екі топқа бөледі. Ал кейбіреулері зерттеу барысында алынған «қазақ» сөзінің мағыналарын қазақ тіліндегі етістіктерден жасалған (мысалы, қаш+тақ, кез+бе), қос сөзден жасалған (мысалы, қас+сақ), діни сипаттағы сөздерден (мысалы, газит+хақ), қиял-ғағайып ертегілерден алынған (мысалы, қыз+ақ, ақ+қаз), әлеуметтік мағынадағы (мысалы, үйізі, үйленбеген, еркін адам, қарулы адам және т.б.) сөздер мен түсіндіруге тырысады. XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің бірі М.Тынышбаев та осы мәселе бойынша зерттеулер жүргізіп, мынадай қорытындыға келеді. «Қазақ» сөзінің мағынасын ізлеу ешқандай нәтиже бермейді. Өйткені «орыс», «араб», «француз», «ағылшын» сөздерінің мағынасы да ешқандай нәтиже бермеген».

Соған қарамастан «қазақ» сөзінің мәні мен мағынасын зерттеу жұмыстары жалғаса берді. Біздің ойымызша, осы бағыттағы зерттеуге дұрыс жол ашқан түркітанушы-ғалым, орыс және кеңес шығыстанушысы, СССР ҒА академигі Александр Николаевич Самойлович (1880-1938) болды. Оның 1927 жылы ғылыми жинақта жарық көрген «О слове «казаки» атты мақаласында «қазақ» атауының мәні мен мазмұнын дұрыс түсінуге алғаш рет бағыт алынады. Ол өзіне дейінгі авторлардың «қазақ» сөзінің шығуына қатысты тұжырымдарын талдап, олардың кейбіреулерін сынга алады, ал кейбір тұжырымдарды одан әрі дамытады. «Қазақ» сөзінің қалай пайда болғанына қарамастан, ол сөз XI ғасырда түркілік тілдік ортада, оның ішінде қыпшақ тайпаларының билігі орнаған кеңістікте пайда болады да, өзінің мемлекетінен, тайпасынан немесе руынан бөлініп кетіп, шытырман оқиғаларды бастан өткерген адамның әлеуметтік жағдайын көрсетеді деген тұжырымға келеді. «Қазақ» сөзі Қазақстан мемлекеті мен қазақ халқының қалыптасуы қарсаңында әлеуметтік термин болып саналған, сөйтіп әлеуметтік сипаттағы термин халықтың атауына айналған деген қорытынды жасайды.

Жалпы ғалымның ой-пікірлерін түйіндесек, бұл сөз XI ғасырда қыпшақ тілді ортада пайда болған, «қазақ» сөзінің алғашқы мәні әлеуметтік сипатта болып және Қазақ хандығының құрылуы және қазақ халқының қалыптасуы нәтижесінде әлеуметтік мәндігі сөз этникалық мәнге ауысқан. Ғалымның бұл пікірі сол кезең үшін өте тың тұжырым болды және ол пікір қазіргі күнге дейін өзінің ғылыми құндылығынан айырыла қойған жоқ деп есептейміз. Оның пікірін кейінгі кезеңдердегі зерттеушілердің көбісі қолдап, одан әрі дамыта түседі.

«Қазақ» сөзінің мәні мен мағынасын дұрыс түсінуге келесі бір қадам жасаған ғалымдардың бірі, белгілі шығыстанушы-тарихшы ғалым Сапар Камалұлы Ибрагимов (1929-1960) болды. Ол соғыстан кейінгі кезеңдегі 1950-жылдары Қазақ хандығының тарихына, тарихнамасына және жазба деректеріне қатысты оннан аса мақала жариялады. Сондай мақалаларының бірі — «қазақ» атауына байланысты болды. С.К.Ибрагимов «қазақ» сөзіне байланысты өзінің тұжырымын былайша қорытады. «Керісінше, бұл сөз деректерге қарамақ Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігінде де, Орта Азияда да, яғни түркі тайпалары мекендеген аумақта қолданыста болып, мағынасы жағынан әлеуметтік



«ҚАЗАҚ» АТАУЫ: МӘНІ мен МАЗМҰНЫ



сипат алды және әскери-феодалдар тобының өкілдеріне ғана қатысты болды». Одан әрі автор «қазақ» сөзінің мағынасында эволюциялық өзгерістер болғандығын және оның кездерін көрсетіп береді. Ол бойынша «қазақ» сөзі XIII-XV ғасырларда — «кезбе», «еркін», «қашқын» мағынасында болса, XV ғасырдың соңынан «өзбек» терминіне қарсы саяси сипат алады, XVI ғасыр басынан бастап этникалық сипатта қолданыла бастайды.

С.К.Ибрагимовтың пікірлерін былайша түйіндеуге болады. Біріншіден, ол «қазақ» сөзінің негізгі түркілік екендігін және бұл сөздің тек түрік тайпалары мекендеген аймақта ғана пайда болғандығын көрсетіп береді. Екіншіден, «қазақ» сөзінің тарихи кезеңдерде эволюцияға ұшырап, оның әлеуметтік, саяси және этникалық сипаттарының болғандығын дәлелдеді. Үшіншіден, автордың бұл пікірі ғылым үшін тың болды және кейінгі зерттеушілер үшін жаңа, тың зерттеу бағыттарын ашқандай береді.

Осы жылдарда «қазақ» сөзіне байланысты көлемді мақала жазып, бірнеше тың тұжырымдар айтқан ғалым Вениамин Петрович Юдин (1928-1983) болды. Ғалымның мақаласы өткен ғасырдың 60-жылдарының соңында жазылды, бірақ еш жерде жарияланбай, тек автор қайтыс болғаннан кейін 18 жылдан соң барып жарық көрді. Автордың бұл мақаласының бірінші бөлімінде бұған дейін әртүрлі басылымдарда айтылып келген «қазақ» сөзінің шығуына қатысты 22 сөз талданды. 22 сөздің әрқайсысына жеке-жеке тоқтап В.П.Юдин, қазақ сөзіне ұқсас келетін «ак каз», «кыз-ақ», «казик-ақ» «кази-хақ», «каза-ақ», «казак» сөздерінің ойдан шығарылғандығын дәлелдеп, олардың «қазақ» сөзінің шығу тегінің түсіндіруде негізсіз деп көрсетеді. Одан әрі автор былай деп жазалды: «Біздің ойымызша, «қазақ» сөзі Ұйық-Тұран өзені бойынан табылған VIII ғасырдағы көне түркі руналық ескерткішінде фонетикалық жағынан жасырын күйде кездеседі» деп жазды В.П.Юдин. Өзінің негізгі тұжырымдарын автор былайша қорытындылайды: 1) Қазақ сөзі түркі сөзінен шыққан; 2) пайда болған кезі көне түрік Орхон-Енисей руналық жазбаларының дүниеге келген кезеңіне сәй келеді.

Соңғы кезінде «қазақ» сөзінің мәні мен мағынасы жөнінде өз ойларын білдірген ғалымдарға Т.И.Сұлтанов, Б.Е.Көмеков жатады.

Т.И.Сұлтанов әрпітесі С.Т.Кляшторныймен бірлесіп жазған «Қазақстан: летописи трех тысячелетий», «Государства и народы Евразийских степей» атты еңбектерінде «қазақ» сөзіне арнайы тоқталып, атаудың шығуына, түп-төркініне және мәніне талдау жасайды. Автор «қазақ» сөзінің түрік сөзі екендігін мақұлдап, ол жөнінде әртүрлі зерттеушілердің түрлі тұжырымдарын айта келе, әлі күнге дейін бұл сөздің этимологиясының толық талданмағандығын атап өтеді де, оның алғашқыда теріс мағынасы болған, ол сөздің — еркін, үйізі, кезбе, қашқын, батпақ, ер жігіт деген мағыналары болған, оның саяси да, этникалық та мәні болмаған; өзінің руынан, тайпасынан, елінен, билеушісінен немесе мемлекетінен бөлініп, дербес, еркін өмір сүретін адамды қазақ деп атаған; қазақ сөзі алғашқыда әлеуметтік мәнде қолданылған, соған сәйкес «қазакылық», «қазакшы» (казакане), «қазакшыл», «қазақ қауымы» деген сөздер шыққан, — деген тұжырымдар жасайды.

Осылайша, автор «қазақ» сөзінің алғашқыда әлеуметтік мәнде ғана қолданыста болған түркі сөзі, XV ғасырдың ортасында Керей мен Жәнібек хандар негізін қалаған жаңа мемлекеттің тұрғындарына қойылған этноним екендігін көрсетеді.

1998 жылы көптомдық «Қазақстан тарихының» академиялық екінші томы жарық көріп, онда «Қазақ» термині туралы» атты тараушыны академик Болат Ешмұхамедұлы Көмеков жазды. Автор «қазақ» сөзіне қатысы бар бірнеше маңызды мәселені шешіп береді. Олардың біріншісі «қазақ» сөзін түсіндіруге зерттеушілердің көп бөлігінің терминологиялық сәйкестікті іздегіру жолымен жүруінің мәселені толық шешуде жеткіліксіз екендігін дәлелдеп беруі жатады. Б.Е.Көмеков «қазақ» сөзіне ұқсас, үндес терминдерді ғалымдар Қазақстаннан тыс, алыс жерлерден табады да, оны қазақ этнонимімен байланыстырады, «бұл орайда олардың этникалық байланыстарының тереңдігін көрсете алатын тарихи-мәдени сипаттағы жүйелі сәйкестіктерді анықтау қажетінен айналып өтеді» деп сынга алады.

Екіншіден, Б.Е.Көмеков «қазақ» сөзінің тарихнамасында ұқсастыру арқылы алынған болжамдарға тоқтап, Византия императоры Константин Багрянатордың (X ғасырдың орта шені) Кавказдың солтүстік-батысында жатқан «Казакхия елі» деп айтқан мәліметте қате кетіп, түпнұсқа бойынша дұрысы «Касакхия» болуы тиіс. «Касакхияның»

2025 жылдың 14 наурызында Бұрабайда өткен IV Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Осыдан бір ғасыр бұрын ұлтымыздың өз атауының оралуы тарихи әділдік орнату жолындағы маңызды қадам болғанын ашық айтуымыз керек. Бұл істе сол кездегі Үкімет басшысы Сәкен Сейфуллин айрықша рөл атқарды. Ол «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген мақала жазып, арнайы идеологиялық науқанды бастап берді. Мұндай маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс», — дей келе, келесі V Ұлттық құрылтайды қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Өйткені тура бір ғасыр бұрын, 1925 жылы сәуірдің 15-19 күндерінде өткізілген Қырғыз (Қазақ) АКСР Кеңестерінің V съезінде Қазақ елінің саяси орталығын Орынбордан Қызылордаға көшіру туралы тарихи шешім қабылданған еді. Мемлекет басшысының осы сөздерінен кейін «қазақ» сөзі мен Қызылорданың астана болуы қалың жұртшылықтың назарын аударып жіберді.

Т.И.Сұлтанов «қазақ» сөзінен туындаған «қазақdash», «жамағат-и казак» терминдерінің ортағасырлық мұсылман авторларының шығармаларында кездесетінін жазалды. «Қазақdash» сөзі — қазақ тіліндегі ауылдас, жерлес, қарулас, көршілес деген сөздердің мағынасына ұқсас. Қазақ болып, бірге жүргендер өздерін осылай атаған. Ал «жамағат-и казак» қазақ қауымы, қазақ тобы деген мағынаны білдірсе керек. Әртүрлі әлеуметтік топтардан әртүрлі тайпалардың өкілдерінен құрылған топ қана осылай аталады. Б.Е.Көмеков келтірген бірінші деректегі «ат-Туркмани ал-Қазаки» деген ныспы түркімендер арасындағы қазақ қауымын көрсетеді. Бұл жерде біз, қазақ сөзінің әлеуметтік емес, әлеуметтік-этникалық мәнін байқап отырмыз. XIV-XV ғасырлардағы мұсылман деректерінде «қазақ», «қазакшылық» терминдері жиі кездесе бастайды. Камал ал-дин Бинай «Шайбани-нама» атты еңбегінде «Әбілқайыр ханның қазакшылығы кезінде жан аймай оның күшеюіне себепкер болған әмірлер қауымы болды» деп, әмірлердің аты-жөндері мен шыққан тайпаларын көрсетсе, осы еңбектің келесі бір мәліметінде «тағы да Әбілқайыр ханға қатысты «оның қазакшылығы кезінде қазақтардың келесі бір қауымы ерлікпен күресті» деп, олардың да аты-жөндері мен ру-тайпаларын атап өтеді».

XVI ғасырдың алғашқы жылдары жазылған анонимді «Тауарих-и гузида-и нуспрат-наме» еңбегінде де Әбілқайыр ханның билікке келген кезіне дейінгі өткізген жылдары «қазакшылық кезеңі» деген сөз тіркесімен жазылды. Тарихи деректің мәліметтерін нақты тарихи оқиғалармен байланыстыра қарасақ, екі дерек мәліметі де нақты бір тарихи тұлғаның — Әбілқайыр ханның өміріне қатысты оқиғаларды баяндап отыр. Оның Жошының бесінші ұлы Шайбанның ұрпағы екендігі, 1412 жылы туып, 1469 жылы қайтыс болғандығы, 1428/29-1468/69 жылдары Дешті Қыпшақта «көшпелі өзбектер» мемлекетін 40 жыл билегені баршаға мәлім. Міне, осы Әбілқайыр 15-16 жасында Қазақстанның батысы мен солтүстік-батыс бөлігіндегі шианьшылық сұлтандар, манғыт бұл мен мырзалар арасындағы өзара талас-тартыстарға қатынасады да, шамамен 1427-1428 жылғы шайқаста жеңіліске ұшырап, манғыттардың қолына түткінеға түседі. Манғыттар оны өлтірмей, керісінше, үлкен құрмет көрсетіп, аман-сау еліне қайтаралды. Ал 1428-29 жылдары сол аймақтың ру-тайпа басыларының тікелей қолдауымен Әбілқайыр хандық билікті иеленеді. Жоғарыда біз келтірген екі дерек мәліметі де Әбілқайырдың тұтқыннан босап шығып, татық иеленген кезіне дейінгі 1-1,5 жылдық кезеңін «қазакшылық жылдар» деп көрсетіп отыр. Осы жылдары жан-жаз Әбілқайыр өз уақытын Шибан ұлыстарынан тыс, Дешті Қыпшақтағы Алаша-баһадүрдің аймағында өткізеді. Одан кейін көп ұзамай Әбілқайыр хан тағына келеді. Дерек авторы Камал ал-дин Бинай Әбілқайырдың өз ұлысынан бөлек, тыс аймақта жүрген жылдарын оның басынан өткерген «қазакшылық жылдары» деп жазып отыр. Бұл жерде «қазакшылық» деген сөз өз ұлысынан кетіп қалған, қашып кеткен, еркін, бос жүрген адамның өміріне қатысты айтылып отыр.

Осы деректердегі екінші бір сөз «қазактар қауымы» деген атауларды талдап, түсіндірелік.

Бұл сөз жоғарыда айтып өткен түркімендер арасындағы қазактар қауымы сөзімен мағыналас. «Қазактардың басқа қауымы» деп Камал ал-дин Бинай ичқи, туман, ұйғыр, дурман, қонырат тайпаларынан шыққан жеке тұлғаларды айтып отыр. Бұл адамдар Әбілқайырдың жанына ерген көнерлері, серіктері. Оларды бір-біріне қазактас («қазакdash») деуге болады. Автор Әбілқайырды қолдаған адамдарды бұған дейін Бузуңжар бек-кият, Әлібек қонырат деп жазса, қазақ қауымының адамдары: Ичқиден — Иакүб-қожа, тұмнанан — Қылыш-бақадур, ұйғырдан — Ипағу, дурманнан — Инка-қожа деп атап көрсетеді. Бұл жерде «қазақ қауымы» деп әртүрлі тайпалардан жинақталған, Әбілқайырға көнер, серік болған адамдардың қауымы айтылып отыр. Оның мағынасы осындай болса, ал мәнінің әлеуметтік-саяси сипаты байқалады.

Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашидинде» «қазакы әдетпен» («бе рәсм-и казакки», «по казакскому обычаю») деген сөздер кездеседі. Моголстандағы билік үшін күресте Ұяйс хан өзінің немере ағасы Шер-Мұхаммед ханнан қашады да, оның иелігіне жакын шекаралас аймақтарда өзінің жастастарымен қазакы әдет бойынша көшіп-қонып жүреді. Оның жастастарының саны 400-ге дейін жетеді. Бұл жерде «қазакы әдет» деп өз елінен қашып шығып немесе бөлініп кетіп, жаугершілік күндрлердегі ұғмыр кешіп жүрген адамдардың өмірі айтылып отыр. Ұяйс хан мен оның жанындағы қазакы әдетпен қол кешіп жүрген 400-дей жастасты қазактар болып саналады. Бұл жерде қазақ сөзінің уақытша әлеуметтік-саяси мәні бар. Уақытша дегеніміз — Ұяйс хан өз елінен билік үшін күресте қашуға мәжбүр болып, уақытша басқа аймақта жүр. Шер-Мұхаммедті жеңіп, билікті иеленгеннен кейін оның «қазакшылығы» тоқталды. Сол себепті де бұл жердегі қазақ сөзінің мәніндегі бір қасиетке оның уақытша екендігі жатады. Сөздің мәніндегі екінші белгіше саяси белгі жатады. Билік үшін болатын күрестің бәрі саяси сипат алынғандықтан, Ұяйс хан мен Шер-Мұхаммед хан арасындағы күрестің де саяси сипаты болып тұр. Ал әлеуметтік мәніне Ұяйс ханның 400-дей адамының әр рудан, әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққандығына қарамастан, өз елдерінен бөлек аймақта жүруі жатады. Осылайша, «қазақ» сөзі алғашқы әлеуметтік мәнінен әлеуметтік-этникалық, уақытша саяси-әлеуметтік мәндерге ие бола бастайды.

«Бабыр-намада» Захир ал-дин Мұхаммед Бабыр XVI ғасырдың алғашқы жылдарында биліктен айырылып, еш жерде тұрақтай алмай, еш жерге орныға алмай, қашып-пысып жүрген кезі туралы: «Осы қыста біздің көнерлеріміздің бір бөлігі біздің қазакшылық өмірімізге шыдай алмай, Андижанға кетуге рұқсат сұрады» деп баяндайды. Мұндағы «қазакшылық» деген сөз, Мәуереннаһр аумағында қолданылса да мәні мен мағынасы жағынан Дешті Қыпшақтағы «қазакшылық» сөзімен бірдей. Мағынасы жағынан бұл сөз білігінен айырылып, оны қайтару үшін уақытша елден қашып жүрген адамдар қауымына қатысты айтылып отыр. XIV-XV ғасырлардағы Дешті Қыпшақтың, Мәуереннаһрдың

тарихынан уақытша болса да қазақ атанып, қазақ-шылық өмірді бастап өткерген тарихи тұлғалар жөнінде деректер келтіруге болады.

XV ғасырдың 50-60 жылдарынан бастап, «қазақ» сөзі жаңа мәнге ие бола бастайды. Керей мен Жәнібек хандар XV ғасырдың 50-жылдарының соңында Әбілқайыр ханнан бөлініп Моголстан мемлекетінің құрамындағы Жетісу өңіріне келеді. Олардың өзіне дейінгі қазақ атанғандардан есулі айырмашылығы болды. Егер де Керей мен Жәнібек хандарға дейін, қазақшылық өмірді бастап өткерген Әбілқайыр хан, Мұхаммед Шайбани хан, Бабыр, Мұхаммед Жөкі, Ұяйс хан және тағы басқалары өздерінің билік үшін күресте уақытша жеңіліс тауып, әлеуметтік ортасынан бөлініп, жанына көнерлерін ертіп, амалсыздан елінен қашып, бөгде аймақтарда жүргендіктен қазақ атанса, Керей мен Жәнібек хандардың олардан ерекшелігі бұл екі хан да дәл осындай себептермен өз елдерінен кетуге немесе қашуға мәжбүр болады, бірақ олар өз көнерлерімен емес, өздеріне қарайтын ру-тайпалармен ауа көшуге мәжбүр болады. Соның нәтижесінде, «қазақ» атауы этникалық қауымдастықтың бір бөлігіне айналады. Этникалық қауымдастықтың бір бөлігі дегеніміз, ол — әлеуметтік топ емес, одан анағұрлым кең мағынадағы ұғым. Оның құрамына Әбілқайыр ханның саясатына наразы билігіне қарсы бұрынғы Ақ Орда хандарына қолдау көрсеткен Дешті Қыпшақтың жергілікті, байырғы тайпалары жаты. Ақ Орланың түсында ол тайпалар жалпы атаумен қыпшақтар деп аталса, Әбілқайыр хандығы түсында «көшпелі өзбектер» атты ортақ этнониммен аталған болатын. Енді Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен «көшпелі өзбектерден» бөлінуге байланысты оларды жазба деректерде «өзбек-қазактар» деп атай бастайды. Бұл жерде біз қазақ сөзінің саяси-этникалық мәнде айтылып тұрғанын байқаймыз. Саяси болатын себепті Әбілқайыр ханға қарсы Керей мен Жәнібек хандардың күресіне байланысты туындап отыр, ал этникалық себебін көшіп кеткендердің жекеленген адам не топ емес, тұтастай бір ру-тайпалар бірлестігі болғандығымен байланыстырамыз.

«Өзбек-қазақ» атауының таза этникалық мәнге ауысуы Жетісудың батысындағы Қазақ хандығының тарихымен байланысты болды. 1469 жылы «көшпелі өзбектер» ханы Әбілқайыр қайтыс болып, деректерде жазылғандай, «ол ұлыста үлкен бүліншіліктер басталды». Дешті Қыпшақтағы Шайбани әулетінің билігіне қарсы ру-тайпалар Қазақ хандығына көшіп келіп, олардың санын көбейтсе, сыртқы қарсыластар: Сібірдің, манғыттардың, Үлкен Орданың билеушілері, сондай-ақ Қазақ хандары шайбанилық әулетке жан-жақтан қарсы әскери әрекеттер жасайды. Көп ұзамай Әбілқайырдың мүрагері Шайх Хайдар хан өтірітпелі де, «Дешті Қыпшақтың басым бөлігінде Қазақ хандарының билігі орнығады».

Сол тұстан бастап «өзбек-қазақ» атауының орнына «қазақ» атауы қолданыла бастайды. Енді қазақтар деп Қазақ хандығының билігі орнаған Дешті Қыпшақтың басым бөлігіндегі тайпаларды атай бастайды. XV ғасырдың соңы — XVI ғасырдың басындағы Қазақ хандығының Мәуереннаһр билеушілерімен жүргізген күресін баяндайтын тарихи шығармаларда Дешті Қыпшақтың тұрғындары жалпы атаумен қазақтар деп аталады. Мысалы, Абдаллах Баули «Зублат ал-асар» атты еңбегінде 1510 жылы болған оқиғалардың бір ретінде Мұхаммед Шайбани ханның қазактарға қарсы соғыс жорығын баяндайды. XVI ғасырдың 30-жылдарындағы оқиғаларды баяндайтын шығарма — «Бадаи-ал вакай («Таңғажайып оқиғалар») еңбегінде этникалық мәнділі қазақ сөзімен қатар, алғаш рет «Қазақстан» атауы кездеседі.

Парсы тілінде «-астон», «-естон» жұрнақтары тек қана ру, тайпа, халық атауларының соңына жалғанады да, олардың мекен-жайын, аймағын білдіріп, жаңа сөз құрайды. Бұл жерде жаңа сөз — «Қазақстан», этникалық мәнділі қазақ сөзіне парсы жұрнағының қосылуы арқылы қалып болып, жаңа ұғымды білдіріп тұр, яғни қазақ халқының аумағын көрсетіп тұр.

Осы жерде мынаны айта кетуді жөн санаймыз. «Қазақ» этнонимі XV ғасыр ортасында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы этносасия үдерістердің нәтижесінде өмірге келеді. Бір орталықтан басқарылатын Қазақ хандығының этникалық негізін қазақ халқы құрап, барлық елге осы атаумен тақыма болды. XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығында саяси бытыранқылық басталып, одан кейінгі кезеңде ол үдеріс тереңдей түседі. Ресей империясына тәуелді болуға жол ашты. Ал Ресей жағы болса өзінше тәуелді бола бастаған халық атауына толық мән бермей, мүлде өзгеше атауды — «қырғыз» атауын қолданады. Бұл атау 200 жыл бойы қолданыста болады.

Тек қана осыдан тура 100 жыл уақыт бұрын Қазақ Елі автономия түрінде болса да өз мемлекетінің қайта қалыптасырып, өз жерлерін республика аумағына қайта қосқан кезде Мемлекет басшысы айтқандай, «тарихи әділдікті орнатуға» мүмкіндік алады. Сөйтіп XV ғасырда пайда болған этникалық мәнділі «қазақ» атауы XVIII ғасырда қазақ атаумен шатастырылады да, 200 жыл бойы



Қызылорданың астана болғанына 100 жылдығын атап өту қазақ тарихы үшін аса маңызды. Бір ғасыр бұрын осы киелі топырақта ұлт, мемлекет тағдырына байланысты саяси шешімдер қабылданды. Сондықтан бұл мерей-тойды атап өту өткенге тағзым, тарихқа құрмет, ұлттың өзін-өзі тануының жарқын көрінісі деп айтуымызға болар еді.

Қызылорданың Астана кезеңі және қазақ зиялылары



Сурет ашық еткеннен

Қазақтың қай жері де қасиетті. Соның ішінде Қызылорданың орны бөлек. Өйткені бұл топырақта қазақ зиялыларының ізі қалған. Қызылорданың әр тасында, әр кірпішінде сол ұлы тұлғалардың қолтаңбасы бар.

Топырақ жасырған ізді қағаз беті ұмыттырмайды. Архивтерде сақталған құжаттар, естеліктер мен әдеби шығармалар – барлығы да осы қаланың қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы ерекше орнын дәлелдейді.

Бүгін қазақ зиялыларының астана кезеңі туралы тарихи-архивтік және әдеби-деректік құжаттарға тоқталсам деп отырмын.

Өздеріңіз білесіздер, 1925 жылы астананың Орынбордан Қызылордаға көшірілуіне байланысты барлық республикалық ақпарат құралдары жаңа астана – Қызылордаға қоныс аударды.

Осы көшпен Ахмет Байтұрсынұлы, Смағұл Сәдуақасов, Қошқе Кеменгеров, Әбдрахман Байділдин, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Темірбек Жүргенов, тағы да басқа ұлт зиялылары келді.

ҚР Мемлекеттік архивінде сақталған деректі негізге алар болсақ, сол кезде салалық басылымдардан бөлек, Қызылордада республикалық 6 газет, 8 журнал шығып тұрған. Бұл сол кездің өлшеммен алсақ, үлкен саяси күш еді. Жоғарыда есімдері аталған ұлт зиялылары осы газет-журналдарда қызмет етті.

Сол кезеңдегі саяси жағдайға байланысты газет, журнал қызметкерлерін оқыту туралы Орталық партия комитетінің шешімі шығады. Осы шешім негізінде 1925 жылдың 10 желтоқсаны мен 1926 жылдың 10 наурызы аралығында 30 адамға 400 сағат көлемінде дайындық курсы ұйымдастырылады.

Дайындық курсының оқу жоспарында: «Жалпы мерзімді басылымдар және қазақ баспасөзі тарихынан» Ә.Байділдин, «Редакция жұмысынан» Б.Майлин, «Публицистикадан» С.Сәдуақасов, «Әдеби шығарма жазу теориясынан» А.Байтұрсынұв, «Саяси сауаттылық» тақырыбынан С.Сейфуллин сабақ беретін болып шешілді. Бұл деректер ҚР Мемлекеттік архивінде сақталған.

«Еңбекші қазақ» газеті Қазақ өлкелік партия комитетінің негізгі органы саналды. С.Сәдуақасов аға газетке редакторлық жасаған мезгілде баспасөз бетіндегі көп пікірлікті қолдаушы және оны іске асырушы болды.

Мәселен, газет бетінде жаңа билікке сын көзбен қара-

ған М.Әуезов пен Ж.Аймауытовтың, жаңа қоғамға сенім артқан С.Сейфуллин мен С.Мұқановтың, әдебиет пен өнердегі «ауытқушылыққа» қарсы күрес жүргізген Ә.Байділдин мен Ғ.Тоғжановтың мақалалары жарық көрді.

«Еңбекші қазақ» газеті 1926 жылғы 15-26 наурыз аралығында Голощекиннің қолдан ұйымдастырған «Торғай ісі» туралы Қызылордада өтіп жатқан сот процесін оқырмандарға үздіксіз жариялап отырды.

Сотқа тартылған адамдардың бәрінің бірдей кінәлі емес-тігі көрінді. Негізгі айыпкерлердің бірі жазушы Жүсіпбек Аймауытовқа тағылған айып орынсыз деп табылып, ақталып шықты.

Қызылордада қабылданған тарихи шешімнің бірі Халық комиссарлар кеңесінің 1927 жылдың 19 қарашадағы шешімімен Жаңа қазақ әліпбиінің орталық комитеті құрылуы еді. Аталған шешім негізінде комитеттің төрағасы Нығмет Нұрмаков болса, мүшелікке Кәрім Тоқтабаев, Ораз Жандосов, Әбдірахман Байділдин, Әлімжан Ермеков, Ғаббас Тоғжанов, Телжан Шонанов сынды қайраткерлер кірді.

1928 жылы латын әліпбиін енгізу жөнінде қаулы қабылданды. Осы қаулыдан кейін бір мезгілде, эксперимент ретінде «Жаңа мектеп» және «Қызыл әскер» газеттері сияқты мерзімді басылымдар жаңа әліпби негізінде шығарыла бастады.

Енді Қызылорда облыстық архивінде сақталған деректерге тоқталсақ:

1925 жылы Орынбордан Қызылордаға астана көшірілгеннен кейін Қазақ халық ағарту институты да осы қалаға ауысты. Бұл оқу орны сол дәуірдің ең ірі ағартушылық орталығы болды. Мұнда Сәкен Сейфуллин ректорлық қызмет атқарып, Ахмет Байтұрсынұв, Сұлтанбек Қожанов, Темірбек Жүргенов, Құдайберген Жұбанов сынды тұлғалар ұстаздық етті.

Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінде осы зиялылардың қолтаңбалары мен құжаттары сақталған. 1927 жылы Ахмет Байтұрсынұвтың еңбек демалысынан үш күнге кешігіп келгеніне байланысты жазған түсіндірме хаты ерекше назар аударарлық. Онда ол: «Өзімнің және жолдасымның науқастығына байланысты курортта демалдым... Менің негізгі міндетім – сабақ беру. Шығармашылықпен де, ғылыммен де, оқытушылықпен де айналысамын...» деп жазды. Бұл хат – тұлғаның еңбекқорлығы мен жауапкершілігін таныта-тын сирек құжат.

Сол сияқты архив деректе-

рінде Сәкен Сейфуллиннің де тұлғалық ұстанымы айқын көрінеді. Тексеру комиссиясының шешімімен келісіп, хаттама соңына өз қолымен:

«Мен бұл шешімге келіспеймін, сондықтан қол қоюдан бас тартамын» деп жазған. Бұл дерек Сәкеннің әділдігі мен принципшілдігін айтақтайды.

Институттың оқу бағдарламаларында Телжан Шонановтың география және әдістеме пәндерінен сабақ бергені, ал Ахмет Байтұрсынұвтың сызу пәнін оқытқаны көрсетілген. Бұл мәліметтер зиялылардың жан-жақты білім иелері болғанын дәлелдейді.

Қызылордадағы қазақ зиялыларының өмірі мен қызметі әрбір естеліктер мен көркем шығармаларда да көрініс тапқан.

Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романында Қызылорда мен Сырдария табиғаты әсерлі суреттеледі: «Маған ерекше әсер еткен көріністің бірі – Сырдария өзені... Оның суы сап-сары қоймалжың боп ағалы екен...»

Бұл үзінділер арқылы Сыр бойының болмысы мен сол дәуірдің тынысы айқын сезіледі.

Гүлнар Міржақыпқызы Дулатованың «Шыңдық шырағында» және Фатима Ғабитованың «Өртеңде өнген гүлінде» Ахаң мен Міржақыптың Қызылордадағы тұрмысы жайлы жылы естеліктер берілген. Мәселен, Гүлнар апай: «Орынбордан Қызылордаға көшіп келгенде атекемнің үйімен қабырғалас тұрдық. Сол уақытта Ахаң демалып жатыр деп үй ішіміз аяғының ұшымен жүретін...» деп еске алады.

Бұл жазбалар зиялылардың адамдық бейнесін, өзара құрмет пен достық байланыстарын танытады.

А.Смакова құрастырған «Алаштың сөнбес жұлдыздары» жинағында: «Қызылордада тұрақтаған Лапин Жағыпар, Қоңырқожа Қожықұлы, Серікбай Ақайұлы, Сұлтанбек Қожанұлы Қазақ көшесі деген көшеде қызыл кірпіштен салынған үйлерде тұрған...» – деп көрсетіледі. Бұл деректер сол кездегі Қызылорданың зиялылар мекеніне айналғанын дәлелдейді.

Қызылорда – қазақ зиялыларының ізі қалған қасиетті топырақ. Мұнда ұлттың рухани, саяси және мәдени тарихындағы ең маңызды шешімдер қабылданды.

Ғабит ТҮЯҚБАЕВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

ТАНЫМ

ТҮМЕН ӘУЛИЕ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Қазақ халқы өз тарихында қаншама қиын тағдырды бастан кешкеніне қарамастан «кие», «әулие» туралы түсінікті ұрпақтан-ұрпаққа жоғалтпастан жеткізіп келеді. Бұл – қазақ дүниетанымын ерекшелейтін ұғым. «Кие» ұғымы арқылы өскелең ұрпаққа қасиетті жерлерді, тіршілік иелерін құрметтеуді үйретеді.

Халық жалында бүгінге дейін сақталған киелі орындардың бірі – Сыр бойында орналасқан Түмен әулие кесенесі. Бұл тек діни тәу етер орын ғана емес, қазақтың имандылыққа, адалдық пен тектілікке негізделген ұлы ұстанымдарының көрінісі.

Түмен әулие – тек аңыз бен әфсананың кейіпкері ғана емес, халқымен біте қайнасқан, елдің ар-намысы мен діні үшін өмірін арнаған тарихи тұлға. Оның есімі ғасырдан ғасырға аманат ретінде жетіп келеді. Бірақ қазіргі ұрпақ Түмен әулие туралы не біледі? Оның өнегесі бізге не айтады?

Ерекше қасиетке, киеге ие болған жандар өз қалауымен, саналы түрде дін жолына түсетіні туралы көп айтылады. Ал Түмен әулиені аруақтар өздері қамқорлығына алыпты. Қазақ дүниетанымында «аруақ» деген де ұғым бар. Аруақ – қазақтың бірінші сүйеніші, қысылғанда – қолдаушысы, тарыққанда – демеушісі, жалғыздықта жебеушісі ретінде таныс. Қазақ ең әуелі аруаққа жақпас қылық істеуден қорқады. Өйткені аруақ-

ты ата-бабамыздың рухы деп танимыз. «Алла атқан – оңалар, аруақ атқан – оңалмас», «Алла кешіргенді аруақ кешірмейді» деген мақал – соның дәлелі.

Түмен әулие 5-6 жасында өзі қатарлас балалармен бірге асыр салып ойнап жүргенде қатты жел тұрып, айнала ақ түктеніп ешнәрсе көрінбей қалады. Әп-сәтте ел не істерін білмей ұлап-шулайды. Сол ойнап жүрген бір топ баланың ішінен кішкентай Түменді жел көз ілеспес жылдамдықпен жоғары көтеріп ала кетеді.

Түмен әулиенің әкесі Қаражігіттен Бейбіт, Түрке, Түмен атты үш ұл дүниеге келген. Ал анасы Кіші жүздің пірі атанған Мүсірәлі сопы Әзіздің кіші баласы Қасымқожа әулиенің қызы болған.

Мүсірәлі Жәдікұлы – үш жүзге пір болып, жеті өлікке жан бітірген және салақалдан, өзінің жинаған қаражатына ел ішінде көшпелі мектеп, мешіт аштырып, балалардың сауатын аштыруға ықпал еткен танымал тұлға. Кейбір зерттеулерде сопы Әзіз Мүсірәлі кожа деп те аталады. Ол 1639-

1721 жылдар аралығында өмір сүрген. Тәуке ханның «Жеті жарғысына» қосымша мұсылманшылық қағидасын жазып, халық арасында таралуына ықпал еткен адам. Мүсірәлі сопы туралы түрлі аңыздар, хикаяттар көп. Түркімендегі жоғары діни оқу орнында білім алып жүргенінде Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би ел аралап, пір болатын бала іздейді. Ғұлама ұстаз Мүсірәлі сопы Әзізді лайық деп табатынын, екі рет сынағынан сүрінбей өткенін айтады. Айтқандай ақтық сыйыста Мүсірәлі өз білімін көрсетіп, пір атанады. Мүсірәлі баба өмірінің қырық жылында Тәукеден Абылайға дейін Пірбас уәзір болған деседі. Әбілқайыр хан әулиені өмірінің соңына дейін сыйлап, алдынан кесе-көлденең өтпеген деген мәлімет тарихта бар.

Мүсірәлі әулиеден бата алып, жорыққа аттанған сарбаздар жеңіспен оралатын болған. Бірде жеңіспен келе жатқан қазақ сарбаздары Жейхун мен Сейхунның қосылып, бұырқанып ағып жатқан кезінде арғы бетке өте алмай қатты қиналады. Сол кезде пірі Мүсірәліден көмек сұрап, сыйынады. Бұрқырап жатқан дария екіге бөлініп, әскер өтетін жол ашылған көрінеді. Бүкіл мал-жан аман өткеннен кейін дария бастапқы қалпына қайта түскен

дейді. Әулиенің көріпкелдігі, пірадарлығы да өте ерекше болған.

Түмен әулиенің арғы нағашы атасы да, анасының әкесі де әулие адамдар екен. Сол кісілерден келген кие Түмен әулиені де ел арасында өте сыйлы адам етті. Ерекше қасиеті үлкен ағасының немересі Елеуұлы Мұсаға қонған деседі. Мұса ел ішінде бақсы атағымен танылған. Ол ұстамалы науқастарға қара құстай шүйлігіп, аз құнның ішінде жазып жіберетін болған.

Адастырушы ақпараттың тасқыны салдарынан қазір жас-тар ғана емес, аға буын өкілдерінің өзі рухани ұғымдардың дәстүрлі мағынасынан көз жазып қалған кезеңде Түмен әулие сынды ерекше жандардың өмір жолын, қасиеті мен киесінің ерекшелігін зерттеу арқылы қызығушылық танытқандарға шынайы танымдық білім беру маңызды деп білеміз. Қазақ дүниетанымында тылсым дүниеге сену, илану бар.

Мұндай жағдайда халықтың санасын оятып, тарихи тұлғалардың өмірін зерттеу және олардың қасиеттерін ашып көрсету аса маңызды.

Ерзат СӨРСЕНБАЙ,
Ғ.Мұратбаев атындағы
№171 орта мектептің
11-сынып оқушысы



ҚАЗАН – ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ АЙЫ

Қазан – ізгілік пен құрметтің айы. Дәстүр бойынша елімізде Қарттар айлығы ретінде аталып өтеді. Бұл кезеңде әлеуметтік қолдау шаралары, мәдени кездесулер мен ардагерлерге арналған мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады.

Аға буын – ел тарихының куәгерлері. Оларға қамқорлық көрсету – ұрпақ парызы. Осы игі дәстүр аясында облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен үлкендерге құрмет көрсетіліп, сый-сияпат табысты.

Құрметке бөленгендер қатарында білім саласының ардагері Төрбек Жұмалиев, денсаулық сақтау саласының ардагерлері Амантай Алдамжар, Длара Раимбердиева, қаржы саласының ардагері

Жәупаркүл Сматова бар. Денсаулығына байланысты шараға қатыса алмағандардың үйіне арнайы барып, хал-жағдайын сұрады.

Ішкі істер саласының ардагері Төлеген Әлиевті 90 жасқа толған мерейтойымен арнайы барып құттықтады.

Құрмет иелері көрсетілген қамқорлық пен жылы ықыласқа ризашылық білдіріп, ақ батасын берді.

«СБ» ақпарат

Қызылорда облысының кәсіпкерлерінің назарына! Конкурс өткізу туралы хабарландыру!

Конкурсты ұйымдастырушы: Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы

Электрондық пошта мекенжайы: urp@vmail.kz

Байланыс телефондары: +7 (7242) 60-54-08, +7 (7242) 60-54-07.

Конкурстың нысанасы: Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне және «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасының жеңімпаздарына мемлекеттік грант беру.

Конкурс нысансы: ашық конкурс. Конкурсқа қатысу үшін өтінімдер беретін орын: субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы (kezeke.kz цифрлық платформасы).

Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі: конкурсқа қатысу үшін үміткерлер бекітілген нысан бойынша электрондық өтінімді және толық конкурстық құжаттар топтамасын ұсынады. («Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы» ҚР Үкіметінің 17.09.2024 жылғы №754 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік гранттар беру» қағидаларына сәйкес)

Өтінім беру мерзімі: 2025 жылғы «20» қазаннан бастап 2025 жылдың «24» қазанына дейін қоса алғанда.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін түскен өтінімдер қабылданбайды.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік гранттар берудің Қағидасымен төмендегі сілтемелерге өту арқылы таныса аласыз: adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000754#z2383.

19 ҚАЗАН – ҚҰТҚАРУШЫ КҮНІ

ТӘРТІП ДҰРЫС БАҒЫТҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Құтқарушы мамандығы адамнан батылдық пен табандылықты қажет етеді. Жүрек қалауымен жауапкершілігі мол мамандықты таңдап, адам өмірін сақтау жолында еңбек етіп келе жатқандардың бірі – Нұрхан Медеуов.



Ол 2007 жылы Қызылорда гуманитарлық заң колледжін аяқтап, 2007-2008 жылдар аралығында Астана қаласындағы республикалық Ұлан әскери бөлімінде әскери борышын өтеді. Еңбек жолын 2009 жылы Қызылорда қаласындағы №10 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде өрт сөндіруші болып бастады. 16 жылдан бері осы салада тер төгіп жүрген кейіпкеріміз – бүгінде Қызылорда қалалық төтенше жағдайлар басқармасына қарасты №4 өрт сөндіру бөлімінің бастығы.

– Әскер қатарында болғанымда әскери форма киіп, белгілі бір тәртіппен жүруге қатты қызықтым. Соның әсерімен осылай елге қызмет етуді алдыма мақсат етіп қойдым. Еңбек жолын бастаған уақытта қобалжу болғаны рас. Себебі тілсіз жаумен арпалысу адам өміріне тікелей қатысты болғандықтан, мұндай жауапкершілікті алып жүру оңай емес екенін түсіндім. Сондықтан жұмысқа қабылданар алдында қызметкерлер медициналық тексеруден және психологиялық дайындық бойынша арнайы тесттен өтеді. Одан кейін де психолог мамандар бізді шыңдау мақсатында арнайы сабақтар өткізіп тұрады, – дейді Нұрхан Медеуов.

Ол құтқарушының бір күні қалай өтетінін айтып берді. Кезекшілікке түскенде ауысым басшысы арнайы нұсқаулықтан өтіп, өзіне бекітілген арнайы жабықтарды қабылдайды. Одан кейін бекітілген күн тәртібіне сәйкес арнайы және физикалық дайындықты арттыруға арналған дәрістерге қатысады. Осылайша айтып келмейтін апаттан арпалысуға дайындық жүргізеді.

– Қызметтегі басты қағида – тәртіп, яғни тәртіп қана адамды әрбір істе дұрыс бағытқа жетелейді. Кезекшілік тыныш өтетін кездер болады. Ондайда күн тәртібіне сәйкес жұмыс атқарып, техникаларға күтім жасап, білім мен шымырлық денгейін арттыруға көңіл бөлеміз. Қызметіміз өрт сөндіру және төтенше жағдайды жоюға тікелей қатысты болғандықтан көптеген оқиғаның куәгері болатынымыз рас. Жұмысқа қабылданған жас кезімде түн ішінде қаланың Айтбаев көшесінде болған оқиға ерекше есте қалды. Бес қабатты тұрғын үйдің төртінші қабатындағы пәтерден өрт шығып, тұрғын үйдің шатырына дейін тарап кеткен еді. Сол уақытта тұрғындарды түгел қауіпсіз аймаққа көшіріп, қызыл жалынның өзге пәтерлерге жайылмауы үшін аянып қалған жоқпыз. Тағы бірде көпқабатты үйдің бесінші қабатындағы жанып жатқан пәтер ішінен карт әжейді аман-есен алып шығып, жедел жәрдем бригадасына тапсырғанымыз бар, – дейді құтқарушы.

Статистикаға қарағанда өрт негізінен қараусыз қалып, қарапайым қауіпсіздік талаптарын сақтамау салдарынан пайда болады. Оның басым көпшілігі балалардың отпен ойнауынан, электр жабдықтарын қосуды күйде бақылаусыз қалдырғаннан шығады. Кейіпкеріміз күн сайын қауіптен бетпе-бет келетін мамандықты таңдағанына өкінбейді. Керісінше тілсіз жауға қаймықпай қарсы тұрып, жалынмен арпалыса жүріп адамдардың өмірі үшін күресуді мамандық алдындағы ғана емес, ар алдындағы міндет санайды.

Өз өмірін қатерге тігетін өрт сөндірушінің адал еңбегі, батырлығы мен жанқиярлығы жоғары бағаланып та үлгерді. Нұрхан Медеуов «Мінсіз қызметі үшін», «Төтенше жағдайды жою және оның алдын алуға үздік шыққаны үшін», «Азаматтық қорғау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін», Махамбет Өтемісұлы атындағы «Дауылпаз» төсбелгілерін кеудесіне тағып, облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының, қала және облыс әкімдерінің алғыс хаттарымен марапатталған.

Назерке САНИЗОВА,
«Сыр бойы»



ҒАСЫР БИІГІНДЕГІ ҚЫЗЫЛОРДА

Кеше сол жағалаудағы «Қайсар арена» стадионында Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына және Қала күніне арналған «Мерейлі мерекемен, Қызылорда!» атты гала-концерт өтті.

Оған Абай облысының әкімі Берік Уәли, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстанның Еңбек Ерлері, ғалымдар, өнер майталмандары, республиканың барлық өңірінен келген облыстық мәслихат төрағалары арнайы қатысты.

Мереке бастауындағы астананы Орынбордан Ақмешітке көшіру және Киргиз АКСР-ның Қазақ АКСР деп өзгертілуі, қалаға Қызылорда атауының берілуі, Ақмешітке қарай бағыт алған «Қызыл паравоз», Алаш арыстарының бейнелері, тарих желісінен сабақталған көріністер сол дәуірді көпшіліктің көз алдына әкелгендей әсер қалдырды. Одан кейін экрандағы көріністер жанарған, жанғырған Қызылорданың бүгінгі жасампаз келбетіне ауысты.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жұртшылықты мерейлі мерекемен құттықтады.

— Бір ғасыр бұрын Қазақ Республикасының алғашқы астанасы болған Қызылордада мемлекеттігіміздің негізі қаланды. Сол кезеңде қала-



ғажап қала — ол адамның бақытты болған жері. Баршамызды бақыт құшағына алған Қызылорда — біздің мақтанышымыз.

Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін! Егемен еліміздің еңсесі биік, Тәуелсіздігі тұғырлы болғай! Мереке құтты болсын, қадірлі жерлестер! — деді облыс әкімі.

Гала-концертте эстрада әншілері Ж.Ысқакова, Г.Оразымбетова, М.Сәдуақасова, Ж.Төлебай «Біздің Қызылорда» әнін шырақ.



мыз еліміздің саяси, мәдени-рухани орталығына айналды. Ұлттық өнер мен ғылымның, білім мен баспасөздің алтын қазығы осында қағылды. Шежірелі шаһарымыздың елдік асыл мұраты, жасампаз жолы қалыптасты. Ұлтымызға «қазақ» атауын қайтарып, азат ел болуды аңсаған асқақ арман орындалды. Тілегі мен мақсаты ортақ Алаш арыстары ұлт мүддесі үшін тәуелсіз ел болуға бірікті. «Отан — елдің анасы! Ел — ердің анасы! Сыр — Алаштың анасы!».

Жүз жылда бірнеше кезеңді басынан өткерген Қызылорда бүгінгі күні Президентіміздің ерекше қолдауымен саулетте де әсем қалаға айналып келеді. Сыр өңірі жасарып-жанарып, өсіп-өркендеуде. Соңғы үш жылда аймақ экономикасына 1 триллион 600 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылды. Облыс бюджеті 851 млрд 300 млн теңгеге жетіп, 2022 жылдан бері 233 пайызға өсті. Бұл қаражат аймағымыздың ең өзекті деген мәселелерін шешуге, тұрғындарымыздың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталды. Ең



Сондай-ақ К.Әлімжан, Т.Төрәлі, О.Нұралиев, тағы басқа өнерпаздар көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Сахна сәні, арнайы дайындалған тақырыптық дрон шоу, би қойылымдары мен бейнероликтер Қала күнінің мазмұнын байыта түсті. Салтанатты шараның шарықтау шегінде мереке аспанын мың бояулы отшашулар жарқыратты.



Суреттерді түсірген Бағдат Есжанов, Нұрболат Нұржаубай

ЕКІ ӨНІРДІҢ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҒЫ



Сонымен қатар, Абай облысынан келген делегация «Анаға тағзым» орталығындағы ұлттық құндылықтарды дәріптейтін және ананы құрметтеуге үндейтін жобаларға қызығушылық танытты. Абай облысының әкімі орталыққа ана мен бала бейнеленген картинаны сыйға тартты.

Одан кейін облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңа ғимаратына барды. Нысан құрылысы өткен жылдың мамыр айында басталып, биылғы

маусым айында пайдалануға берілді. Аумағы 3 мың шаршы метрден асатын ғимаратта 12 экспозициялық зал бар. Қорда 70 мыңға жуық тарихи экспонат сақталған, оның 25120-сы түпнұсқа.

Музейдің бірінші қабатында «Киелі мұра» экспозициясы, «Табигат және палеонтология», «Археология», «Орта ғасырлар өркениеті», екінші қабатта «Қазақ хандығы», «Этнография», «Өлке тарихы», «Алаш зиялылары», «Ерлік және даңқ», «Мәдениет және өнер», «Қы-



зылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы», «Ғарышты игеру», «Тәуелсіз Қазақстан» залдары орналасқан.

Археологиялық қазба жұмыстарының ғылыми негіздемелеріне сүйеніп жасалған алтын киімді «Шірік Рабат сақ жауынгері», алтын әшекейлі «Сығанақ ханшайымы», алтын қылышты «Түгіскен көсемі» және «Жетіасар ақсүйек әйелі» тарихи реконструкциялары ғылыми айналымға енгізілді. Залдардың құрылымы, жабдықтары мен безенді-

рілуі жасанды интеллект элементтерін қолданып, 3D модельде жасалған.

Әрі қарай аймақ басшысы мен қонақтар Н.Бежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында Абай облысының Абай атындағы қазақ музыкалық драма театры артистері сахнада, халықаралық театр фестивалінде бас жүлде иеленген «Абай айтқан «Еңлік-Кебек» қойылымын тамашалады.

«СБ» ақпарат

САҒЫНЫШ ҒҰМЫР – СЫРЛЫ ӘУЕН



Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елена Әбдіхалықованың «Өнер орталығындағы» «Сағыныш ғұмыр» атты концерті Сыр халқы бір серпілтіп, рухани

әсер сыйлады. Концертте облыстағы симфония оркестрінің сүйемелдеуімен орындалған автордың сыршыл да назды, қуатты да рухты шығармалары көрермен көңілін толқитты. Оркестр дирижері Қазақстанның еңбек сіңірген

қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Мүсілім Әмзе.

Шығармашылық кеште ақын, Мемлекеттік сыйлық иегері Тыныштыбек Әбдіқа-кімұлы Сырдың сыршыл ақын қызына құттықтау лебізін білдіріп, оның сан қырлы

талантына, саф өнеріне жоғары баға берді.

Концертте автор М.Мақтаев, Ұ.Есдәулет, Е.Жүніс сынды қазақтың белгілі ақындарының сөзіне жазылған өзінің танымал әндерін әнші Жұбанш Жексенұлымен бірге оркестрдің сүйемелдеуімен орындады. Сондай-ақ Астана мемлекеттік филармониясының солисі, қобызшы Шолпан Шарапатова, эстрада әншілері Дәурен Сейітжанов, Арайлым Ибраева орындаған шығармалар көрермен көңілінен шықты.

Ақын өлеңдерінен құралған «Менің атым Сағыныш» атты композицияны театр артистері шебер орындады. Сондай-ақ «Қазақ елі», «Сыр елі», «Есіне мені алғайсың» сияқты халыққа кең тараған әндерін халық қосыла шырқады.

Концерті облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, зиялы қауым тамашалап, кеш несі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елена Әбдіхалықоваға ықылас гүлі табыс-талды.

Ғазиза ӘБДИЛА,
«Сыр бойы»

КРЕАТИВТІ КӘСІПКЕРЛЕР КӨРМЕСІ

Бейсенбі күні Қызылорда қаласындағы «Анаға тағзым» орталығында «Creative Caravan» облыстық креатив көрмесі жалғасын тапты. Салтанатты жиында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов әрбір облыс орталығында және ірі қалаларда креативті индустрия орталықтарын құру, креативті кәсіпкерлерге өнімдерін коммерциаландыруға қолдау көрсету, креативті индустрияны қолдау шараларын қабылдау туралы Президент тапсырмасының орындалу барысына тоқталды.

— Аймақ басшысының қолдауымен «Анаға тағзым» орталығы креативті хаб ретінде жұмыс жасауда. Ұлттық құндылықтарды насихаттап, жергілікті диджейлер мен тігіншілердің креативті кластерін қалыптастыру мақсатында республикалық «Брендке бір қалам» форумы, «Этно fashion» облыстық сән үлгісі фестивалі, креативті колөнершілерді насихаттауға бағытталған «Creative urban tour» және «Ою-like» сияқты ауқымды жобалар ұйымдастырылды. Бүгінгі жоба атына заты сай, сонау Ұлы Жібек жолының ізін бүгінгі креативті индустриямен үндестіреді, — деп атап өтті ол.

«Creative Caravan» көрмесі қазан айының басынан бері Қызылорда қаласы

мен Жаңақорған, Шиелі, Сырдария, Жалағаш аудандарында өтті. Ондағы мақсат — жергілікті жердегі креативті кәсіпкерлерді іздеу, оларды насихаттау. Сондай-ақ сала мамандары дәрістер ұйымдастырып, колөнершілерге кеңес берді. Шеберлер өз бұйымын жарнамалауға, танымалдылығын, тауар өтімділігін арттыруға, өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік алды.

Іс-шара барысында қала және аудандардың колөнер шеберлері туындыларын көпшілік назарына ұсынды. Ежелгі сауда, өнер және шабыт керуені сахналанған қойылым, көрме-жәрмеңке ерекше әсер қалдырды. Орталықтың төл бренді — «Өмір пірімдері» тұмары бұйымды шынайы сипаттай білген қатысушыға тарту етілді. Басқарма басшысы креативті кәсіпкерлерге облыс әкімінің орынбасары атынан диплом табыстап, сый-құрмет көрсетті.

Облыстық көрме Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарында жалғасады. Оған қатысушылар салықты сауатты жүргізу жолдары, мемлекеттік гранттар мен бағдарламалар, контент қалыптастыру арқылы клиент тарту туралы ақпарат алады.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



www.facebook.com/syrbboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабайдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабайдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

https://twitter.com/syrbboyi

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)
экономика — 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)
жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына
сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсы-
рыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақилы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.